

«Әлжан ана» бөбекжай балабақшасы

Музыкадан оқу қызмет жоспары

Ерте жас «Балдырған» тобы

Музыка жетекшісі: Табылдиев М

2021-2022 оқу жылы

2021 – 2022 оқу жылына арналған музыка ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары.

Ерте жас «Балдырған» тобы

Апта	Өтпелі тақырыбы	Апта тақырыбы	Білім беру саласы: «Шығармашылық»	Тақырыбы:	көрнекілігі	Сағат саны	Өтілетін күні
			Бөлімі: Музыка				
			Мақсаты:				
I	Қыркүйек «Менің балабақшам»	Менің балабақшам	Мақсаты: Балабақша туралы әңгімелеу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету.	Біздің балабақшамыз	Балабақша бейнеленген суреттер. Балабақшаның ішіндегі көрнекі құралдар.	1	
II		Менің достарым	Түрлі қарқындағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, ажырата білуге үйрету;	Көңілді достар	Ормандағы аңдардың суреттері мен ойыншықтары.	1	
III		Менің сүйікті ойыншығым	Кейбір музыкалық ырғақтық Іс-әрекетінің түрлерін ажыратуға үйрету ойын, би арқылы.	«Менің сүйікті ойыншығым» «Қуыршақтар әні»	ойыншықтар	1	
IV		Жиһаздар	музыканы эмоциялық қабылдау қабылеттерін дамыту.	Бесік жыры.	Бесік, қуыршақ	1	
I	Қазан айы «Менің отбасым»	Менің отбасым, ата – аналар еңбегі	Әнді орындаған кезде ана, анама, әже, әжеме, т.б. сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс, таза айтуға және әнді назды, лирикалық сипат бере орындауға баулу.	Әжеме арнаймын әнімді	Отбасы мүшесінің суреттері	1	
II		Менің көмекшім	Көбелектер туралы түсінік беру.	«Көбелек әні»	көбелектер бейнеленген суреттер	1	
III		Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	ән-күйлерді тыңдау, қабылдау, есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету, бейнелі қимылдарды бере білуге талпындыру.	Ойыншықтар.	Ойыншықтар	1	
IV		Алтын күз	балалардың музыка жайында пікір, әсерін байыту.	Күз – жомарт.	Күз мезгілінің бейнесі	1	
I	Қараша айы «Дені саулық жаны сау»	Өзім туралы	Музыкалық ойыншық аспаптардың (барабан, бубен, қоңырау) дыбыс шығаруын ажырата білуге;	Қуыршақ Айжанмен билейміз	Қуыршақтар мен ойыншықтар	1	
II		Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын сезіне, ажырата білу.	Әдепті бол		1	
III		Өзіңде өзгелерге көмектес.	Музыканы есту, сезіну қабілеттерін дамыту.	Көңілді жаңбыр	Көрнекілігі: күзгі көрініс суреттер	1	
IV		Біз күштіміз, ептіміз.	Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру.	Біз күштіміз, ептіміз	Тақырыпқа байланысты суреттер, СД – дискілер.	1	
I	Желтоқсан айы «Менің Қазақстаным»	Менің Қазақстаным	балалардың музыкалық шығарманы тыңдау, қабылдау, талдау, салыстыру дағдыларын қалыптастыру.	Менің Отаным – Қазақстан.		1	
II		Туған өлкем	Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету	Қызыл, жасыл, көк шар	әртүрлі шарлар	1	
III		Тәуелсіз	музыканың екпінін, ырғағын	Жаса мәңгі, ана тілім.	.	1	

		Қазақстаным	түсіне білуге жаттықтыру, ана тіліне деген мақтаныш, құрмет сезімдерін қалыптастыру.				
IY		Қош келдің Жаңа жыл	музыканың сипатын, көңіл күйін бере орындау.	Жаңа жыл.		1	
I	Қаңтар айы «Қысқызығы»	Табиғат әлемі	музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсіне, ажырата білуге талпындыру.	Қысқы ойын қызығы.		1	
II		Жануарлар әлемі	Мақсаты: Балаларға төрт түлік туралы әңгіме жүргізу. Төрт түліктің төлдерін атап беру..	«Төлдер» «Қошақаным қайда екен?»	төлдер бейнеленген суреттер	1	
III		Құстар біздің досымыз.	Балаларға күз мезгіліндегі құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру.	Торғайлар	құстар суреттері, торғай суреті немесе ойыншық торғай	1	
IY		Ғажайып қыс	әуен сазынан қыс көріністерін естіп білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге үйрету.	Қыс келді.		1	
I	Ақпан айы «Бізді қошаған әлем»	Ғажайыптар әлемі	Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау;	Аққала	Табиғат аясындағы қардан жасалған мүсіндер..	1	
II		Көліктер	Көлік ойыншықтары туралы түсіндіру.	Көліктер	Көлік түрлері суреттері слайт бойынша	1	
III		Электроника	Музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айту қабілеттерін жетілдіру;	Қысқы әуен	Қыс мезгілінің суреттері	1	
IY		Мамандықтың бәрі жақсы	Балалардан өсекендегі кім болғысы келетіндерін сұрап, қаржының еңбек арқылы келетінін айтып Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету ұғындыру.	Мамандықтың бәрі жақсы	Мамандық бойынша суреттер, металафон, үшбұрыш, маракасса аспаптары	1	
I	Наурыз «Табиғаттың гүлденуі»	Аялайық гүлдерді	Күн, су, ауа – адамзаттың ортақ үйі, табиғат сыйы, олардың тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту.	Аялайық гүлдерді	Табиғат суреттері, таспалар.	1	
II		Жылғалардан су ақты	Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; ұнтаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру	Шуақты көктем	Көктем мезгілінің ерекшеліктерінің суреттері.	1	
III		Өнер көзі халықта	Музыкалық ойыншық аспаптардың (барабан, бубен, қоңырау) дыбыс шығаруын ажырата білуге;	Қуыршақ Айжанмен билейміз	Қуыршақтар мен ойыншықтар	1	
IY		Нұр төккен гүл көктем	Мезгілдер туралы түсіндіру. Көктем мезгілі туралы айту.	Нұр төккен, гүл көктем	Көктемдегі көріністер, қараторғай суреті	1	
I	Сәуір айы «Жер -	Ас атасы нан	Нанды қастерлеуге, ас атасы – нан екенін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екенін, нанның дастарханға қалай	Ас атасы - нан	Тақырыпқа байланысты суреттер, СД – дискілер.	1	

«Әлжан ана» бөбекжай балабақшасы



Музыкадан күнтізбелік – тақырыптық жоспар

Ерте жас «Балдырған» тобы

Музыка жетекшісі: Табылдиев М

2021-2022 оқу жылы

Тақырыбы: Біздің балабақшамыз

Мақсаты: Балабақша туралы әңгімелеу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру

Көрнекілігі: Балабақша бейнеленген суреттер. Балабақшаның ішіндегі көрнекі құралдар.

Сөздік: ойнақы – көңілді

Әрекеттердің кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушылық-оятаушылық	Шаттық шеңбері: Үлкендерге сіз, Кішілерге біз . Әдеппеннен бас иіп, Сәлем бердік біз.	Балалар шаттық шеңберіне жақсы көңіл күймен қатысты
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Балалар күңіл күйлеріңіз қалай? Жарайсыздар балалар! Қазір жылдың қай мезгілі қане кім біледі екен? Ия балалар күз мезгілінде қандай өзгешеліктер болады. Біз балабақшада нестейміз? Сендерге балабақша ұнайма? Бүгінгі оқу қызметіміз тақырыбы «Бақшаға келемін» Музыка тындау: «Сәби қуанышы» Енді балалар ән айтайық қимылмен көрсетіп. Ән айту кезінде иықты көтермей, денені тік ұстаймыз. «Топ-топ балақан» Балалар ән сендерге ұнадыма? Ән көңілдіме көңілсізбе және қандай темпте айтылып тұр жәйме жылдамба. Жаңа ән «Балабақшам менім» Балалар бірінші сөзін жаттап алайық сосын әуенмен қосып айтамыз. Даусымызды жаттықтырып алайық До-ре-ми-фа Жарайсыздар балалар балабақшам менім әнде не туралы айтылған екен. Сергіту сәтті: Буги-буги	Жақсы Күз мезгілі Күн салқын жапырақтар сарғайып түсе бастайды Ойнаймыз сабақ оқыймыз Ұнайды Балалар жақсы көңіл күймен қимылмен әнді айтты Ия Көңілді орташа До-ре-ми-фа Балабақша туралы балар туралы айтылған Қимылмен жасады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Қандай ән үйрендік? Жарайсыздар балалар бәрің жақсы қатыстыңдар.	Балабақшам менім

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді әуенге ілесе айтуды

Игереді: Әуен ырғағымен әнді айтуды

Меңгереді: Әнді тыңдап, мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды.

Тақырыбы: Көңілді достар

Мақсаты: Түрлі қарқындағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, ажырата білуге үйрету; әнді бірге бастап, қосыла айтуға, сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажыратуға баулу.

Көрнекілігі: Ормандағы аңдардың суреттері мен ойыншықтары.

Сөздік: досым-друг

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Жылулық шеңбері: Қуан, шаттан, алақай Қуанатын күн келді Күліп шықты күн бүгін Қайырлы таң балақай	Балалар қимылмен жасады
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар сендер үлкен болып ержеттіңдер енді сендер енді сендер кішкене сәби емесіңдер ересек болдыңдар. Бүгінгі оқу-қызметіміз «Көңілді достар» Біз бір-бірімізбен доспыз татумыз доспыз. Әрқашан бірге ойнаймыз бірге тамақ ішеміз, күні бойы біргеміз. Қазір ойналатын музыканы тыңдаймыз не туралы екенін мұқият тыңдайық. Музыка тыңдау: «Не қалай дыбыстайды?» Барлығымыз бір аспан астында өмір сүріп жатырмыз сондықтан бәріміз дос болу керекпіз. Ән айту: «Ақ тиін» Бірінші әннің сөзін жаттаймыз, содан кейін әуенмен қосылып айтамыз. Сергіту сәті: Аю аю тұршы	Балалар әнде не туралы айтылғанын айтып береді Балалар бәрі бірге орындады Сергіту сәтіне қызығушылықпен қатысты
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар қандай ән айттық? Би ұнадыма сіздерге? жарайсыздар	Ақ тиін Ұнады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді әуенге ілесе айтуды

Игереді: Әуен ырғағымен әнді айтуды

Меңгереді: Әнді тыңдап, мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды.

Тақырыбы: Бесік жыры.

Мақсаты: музыканы эмоциялық қабылдау қабылеттерін дамыту. Балалардың тембрлік қабылдауын қалыптастыру, ұзақ және қысқа дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру.

Әрекеттердің Кезендері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Жұмбақ: Ғажап екен кіп-кішкентай, Сәнді үй. Ішінде ұйықтап жатыр Балқып әлди. Бұл не? Бесікке бөлеу. Мойнымдағы тұмарым, Мойнымдағы маржаным, Тарқамайтын құмарым. Қорадағы мал-жаным. Тағдыр берген алсын деп, Бесігіне жата ғой, Ақ бесікке салсын деп. Тәтті ұйқыға бата ғой. Ұйықта, ботам Қос танауы пысылдап, Ұйықта, ботам, жалықпа, Добын қолға қысып ап. Жайлы, тыныш қалықта, Ұйықтап жатыр бөпешім, «Ұйқы жанды сергітер» Жұмыскердей пысық нақ. Деген сөз бар халықта Ән тыңдау. «Бесік жыры». • Бесікке кімді жатқызады? • Бесік жырын кім орындайды? • Ән қалай орындалады? Бесікке жас сәбилерді бөлейді. Ұйқысы тыныш болу үшін, әрі тоңып қалмауы үшін бесікке салады. Бесікті тербетіп отырып анасы салатын әнді «Бесік жыры» дейді. • Ән сендерге ұнады ма? Ән айту. «Ана әлдиі». -Балалар, әлемдегі ең қымбат, аяулы адам кім? - Аналарың сендерді қалай еркелетеді? - Ана сәбиін қалай тербетеді? Әуенді қимыл-қозғалыс. «Айжан қыз». Психологиялық жаттығу. «Көлеңке». Әліппе-дәптермен жұмыс.	Жұмбақты шешеді. Тақпақтарды мұқият тыңдап, өздері қалаған тақпақты жаттайды. Мазмұнына көңіл аударады. Әнді тыңдайды. Сұраққа жауап береді. Бесікке бөлеу жайында түсінікпен бөліседі. Әнді қосылып айтады. Сұрақтарға жауап береді. Әуенмен қимыл-қозғалыс жасайды. Жаттығу орындап, дәптермен жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	-Бүгін қандай музыка тыңдадық? - Ол музыка қалай орындалады? - Әне сендерге ұнады ма? - Сәбиді бесікке бөлер алдында бесікті аластайды. Қалай ойлайсыңдар, ол рәсім не үшін орындалады? Сабақ соңында балаларды марапаттау, белсенділік танытқан балаларды ерекше атап өту.	Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.

Біледі: бесік туралы мәліметті.

Игереді: музыканы эмоциялық қабылдау қабылеттерін.

Меңгереді: тембрлік қабылдауын, ұзақ және қысқа дыбыстарды ажыратуды.

Тақырыбы: Әжеме арнаймын әнімді.

Мақсаты: күйші, күй сипаты, мазмұны туралы түсінік беру. Жоғары, төмен дыбыстар жүйесін ажырата білуге жаттықтыру. Әнді орындаған кезде ана, анама, әже, әжеме, т.б. сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс, таза айтуға және әнді назды, лирикалық сипат бере орындауға баулу. Музыка ырғағына сәйкес би элементтерін көңілді, жеңіл орындауға дағдыландыру. Әжеге, анаға деген мейірімділікке баулу.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	• Әже деген кім? • Әже деген қандай адам? • Кімнің әжесі бар? • Әжеңе қандай көмек көрсетесің? Әже дегеніміз кім? Әпкем – әже баласы, Әкем – әже баласы. Әкемнің бар ағасы, Ол да әжемнің баласы... Анам дейді мамашым, Әже деген, шамасы, Аналардың анасы! Ән тыңдау. «Қосалқа». • Күй дегеніміз не? • Кімді күйші дейміз? • «Қосалқа» күйін кім шығарды? • Күй көңілді ме, әлде көңілсіз бе? • Күй адамның қандай сезімін тәрбиелейді? • Күйді тыңдағанда қандай әсер алдыңдар? Ән айту. «Ақ әжем». • Әлемдегі ең қымбат, ең аяулы жандар кімдер? • Кім сендерді аялап, мәпелеп өсіреді? • Ең мейірімді, сүйкімді кім? • Кім сендерді қонаққа ертіп барады? • Әже туралы қандай мақал-мәтел, қанатты сөздер білесіңдер? • Әжелерің сендерді еркелетіп қалай атайды? Әуенді қимыл-қозғалыс. «Ақ әжем». Музыкалық-дидактикалық ойын. «Бір көмекке жарайық». Музыкалық аспапта ойнау. «Әжеме арнаймын әнімді». Әліппе-дәптермен жұмыс.	Сұрақтарға жауап береді. Өлеңді мәнерлеп оқып, жатқа айтады. Әнді тыңдайды. Сұрақтарына жауап береді. Ереже бойынша әнді айтады. Әуенді қимыл-қозғалыстарды орындайды. Ойынды ойнайды. Дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	• Бүгінгі сабағымыз кімге арналды? • Бүгінгі сабағымыз әжелерге арналды.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: күйші, күй сипаты, мазмұны туралы.

Игереді: жоғары, төмен дыбыстар жүйесін ажырата білуді.

Меңгереді: әнді орындаған кезде әже, әжеме, т.б. сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс, таза айтуды және әнді назды, лирикалық сипат бере орындауды.

Тақырыбы: «Көбелек әні»

Мақсаты: Көбелектер туралы түсінік беру.
 Ән арқылы қызығушылықтарын арттыру.
 Балаларға жазғы жылулықты сезіндіре отырып, көңілді әндер үйрету.
 Көрнекілігі: көбелектер бейнеленген суреттер
 Сөздік: көбелек-бабочка

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятаушылық	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз	Қимылмен жасады
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Сәлеметсіңдерме балалар? Бүгінгі көңіл күйлерің қалай? Гүлдердің қандай түрлерін білесіңдер? Олардың түстереді қандай болады? Жарайсындар балалар сендер біраз мәлімет біледі екенсіңдер. Әсем гүлдерге көбелектер ұшып қонады. Көбелектер өте әдемі. Олар кішкентай ұшатын жәндіктерге жатады. Кәне көңіл қойып тыңдайық ән не туралы екенін тыңдайық. «Көбелек» әні Міне балалар әнде де көбелектер туралы айтылған. Көбелектер гүлдерге қонады екен. Сергіту сәті. Желкілдеген желменен, Жел егінді тербеген. Өсірді оны дихандар, Тамшылаған терменен	Жақсы әр түрлі болады зейін қойып тыңдайды Қимылмен жасады
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Балалар біздер не туралы өттік?	Көбелектер туралы

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көбелектер туралы

Игереді: әнді тыңдай отырып не туралы екенін айта білді

Меңгереді: көбелектер түрлі түсті болатынын

Тақырыбы: Ойыншықтар.

Мақсаты: ән-күйлерді тыңдау, қабылдау, есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету, бейнелі қимылдарды бере білуге талпындыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Қуыршақпен ойнаймыз Тыныш, тыныш, балалар, Уақыт болды тұратын, Қуыршағым Ақмарал, Ойын-сауық құратын. Ұйықтап жатыр дамылдап, Би билейді Ақмарал, Әнді айтайық ыңылдап: Қол соғыңдар, балалар, Әлди-әлди-әлди-ай. Ал, ал, ала, ал!	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Жұмбақ: Асты, ұйқыны білмейтін, Жүгірмейтін, жүрмейтін, Мұндай бала көрсемші, Жыламайтын, күлмейтін. (Қуыршақ) Жаңылтпаш: Жуын, жуын, жуынсақ, Таза болар қуыршақ. Ән тыңдау. «Ойыншық». Ән айту. «Ойыншықтар». - Сендерде қандай ойыншықтар бар? - Олардың есімі бар ма? - Сендер олармен қалай ойнайсыңдар? - Ән қандай көңіл күйде жазылған? - Ойыншықтармен доссыңдар ма? Психологиялық жаттығу: «Неше дыбыс?» Музыкалық-дидактикалық ойын: «Ән салған кім?» Әліппе-дәптермен жұмыс.	Жұмбақтың шешуін табады. Жаңылпашты тез айтып үйренеді. Әнді тыңдап, айтады. Жатқа айтып үйренеді. Сұрақтарға жауап береді. Жаттығуды орындап, дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Бүгінгі сабақта қандай ән тыңдадық? Не туралы? Қуыршақтың қандай қимылдары естеріңде қалды? Әнді кім, не туралы айтты? Сендерге сабақ ұнады ма? Қысқаша қорытындылау, балаларды қолдау, марапаттау.	Сабақта өткен тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді.

Біледі: музыкалық жанрды ажыратуды.

Игереді: бейнелі қимылдарды бере білуді.

Меңгереді: биді музыкаға сәйкес бастау, аяқтау, би элементтерін нақышына келтіре орындауды.

Тақырыбы: Күз – жомарт.

Мақсаты: балалардың музыка жайында пікір, әсерін байыту. Жоғары, төмен дыбыстарды ажырата білуін анықтау, үйрету. Әнді жеке, хормен айтуға жаттықтыру. Биді музыкаға сәйкес бастау, аяқтау, би элементтерін нақышына келтіре орындауға талпындыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Жиын-терін болатын, Қамбаға астық толатын Жеміс-жидек теретін, Бақтың бойын бойлайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Ән тыңдау. «Күз келгенде». - Табиғатта қай уақыттан жаз аяқталып, күз қашан басталады? - «Күз келгенде» әні қалай орындалды? - Таудағы күзден қаладағы күздің айырмашылығы қандай? - Күзгі жаңбырдан басқа тағы қандай жаңбыр жауады? - Жапырақ жаңбыры неліктен болады? Ән айту. «Күз - жомарт», «Күз ырғағы». - Күз адамдарға қандай сыйлық береді? Қамбаға астық құйылды, Жеміс-жидек жиылды, Білеміз бе, Жомарт күз ,сыйыңды! Әуенді қимыл-қозғалыс. «Қосарланып билеу». Психологиялық жаттығу: «Қош келдіңіздер!» Музыкалық-дмактикалық ойын: Жұмбақ жасырып, күз сыйлығын сатып ал! Әліппе-дәптермен жұмыс.	Әнді жатқа айтады. Сұрақтарға жауап береді. Әндерді айтып шығады. Психологиялық жаттығуды, әуенді қимылдарды орындайды. Дәптердегі тапсырманы орындайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Күзді неге Жомарт күз деп атайды? Күз туралы қандай музыка тыңдап, ән үйрендік? Күз туралы қандай халық болжамдарын білесіңдер?	Күз жылы болса, қыс ұзақ болады. Қыркүйекте күн күркіресе, күз жылы болады.

Біледі: жоғары, төмен дыбыстарды ажыратады.

Игереді: әнді жеке, хормен айтуды.

Меңгереді: биді музыкаға сәйкес бастау, аяқтау, би элементтерін нақышына келтіре орындауды.

Максаты: Музыкалық ойыншық аспаптардың (барабан, бубен, қоңырау) дыбыс шығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; бір-бірлеп би қимылдарын жасауға, әуен ырғағына, мәтініне сай ойыншықтар мен қуыршақтарды таныс би қимылдарын орындауға үйрету
 Көрнекілігі: Қуыршақтар мен ойыншықтар
 Сөздік: ойыншық-игрушка

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Көңілді әуен мен шеңбер бойымен жануарлар қимылдарын жасау.	Жақсы көңіл күймен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар қараңдаршы бізге қонаққа қуыршақ Айжан келіпті. Кәне амндасайық? Айжан сендермен би билеуге ән айтып үйренуге келіпті. Үйретемізбе балалар? Ендеше бәріміз шеңберге тұрайық. Ән айту: «Ойыншықтар» Ойыншықтар әні ұнадыма сіздерге? Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» Бәріміз шеңберге тұрайық балалар салдаттар сияқты марш жасаймыз. әуенге ілесіп марш жасаймыз. Сергіту сәті: Фиксаки	Сәлем Ия Ия әуенге ілесіп марш қимылдарын жасады әуенге ілесіп би қимылдарын жасады
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Балалар бізге қонаққа кім келді? Сіздерге ұнадыма?	Қуыршақ Айжан Ұнады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді әуенге ілесе айтуды

Игереді: ойыншықпен би қимылдарын жасауды

Меңгереді: әуенге ілесіп би қимылдарын орындауды

Тақырыбы: Әдепті бол

Мақсаты: музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын сезіне, ажырата білу. Әнді табиғи дауыспен, мәнерлі орындау шеберлігін дамыту. Басқа ұлттар билерін, қазіргі би ырғақтарын еркін билеуге дағдыландыру. Жол жүру ережесімен, бағдаршаммен таныстыру. Жол жүру ережесін сақтауға үйрету.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. -Ас алдында, астан соң не айту керек? - Балабақшаға, мектепке кеткелі жатқан кезде не айтасың? - Түнгі ұйқыға жатар алдында отбасы мүшелеріне не айтасың? -Таңертең тұрғанда қандай сөз айтар едің? - Көшеде кезіккен адамға не айтар едің? - автобуста, көлікте үлкен адамдар түрегеліп тұрса, не істер едің? - Балалар, «Сәлем-сөздің анасы», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» дегенді қалай түсінесіңдер? Өзіңді тану Жақсы болу – өзіңнен, Жаман болу – өзіңнен. Өзіңді өзін ая да, Өзің үйрен өзіңнен. Ән тыңдау. «Үш көңіл күй». Ән айту. «Балдырғандар әні». «Той жыры». -Бұл әнде не туралы айтылады? - Ән қалай орындалады? - Ән неге «Балдырғандар әні» деп аталады? - Елін сүйген, ержүрек, құрметтеуге тұрарлық адам болып өсу үшін не істеу керек? - «Той жыры» әнінде не туралы айтылады? - Ән қалай орындалады? - Осы әннен қандай әсер алдыңдар, не үйрендіңдер? Әуенді қимыл-қозғалыс. «Сәлемдесу-қоштасу» Әліппе-дәптермен жұмыс.	Әңгімені әдептілік туралы сөздерден бастайды. Әдептіліктің сөздерін бір-бірімен бөліседі. Өлеңді мәнерлеп, хормен қайталап айтады. Әнді тыңдап, айтады. Әнді ережесі бойынша айтып шығады. Сұрақтарға жауап береді. Қимыл-қозғалыстар жасап, дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	*Балалар, адамның әдемілігін неден байқауға болады? *Үлкендерге сәлем беру инабаттылық, адамгершілік белгісі.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын сезініп, ажыратуды.

Игереді: әнді табиғи дауыспен, мәнерлі орындау шеберлігін.

Меңгереді: басқа ұлттар билерін, қазіргі би ырғақтарын еркін билеуді.

Тақырыбы: Көңілді жанбыр

Сөздік: жаңбыр-дожд

Күтілетін нәтиже:
Біледі: күз мезгіліндегі болатын өзгешелектерді.
Игереді: әнді әуенге ілесе айтуды
Меңгереді: ойын кезінде қырағылық, сақтық, ұқыптылық дағдыларын.
Технологиялық картаны толтырған: Г.Аяпова

Тақырыбы: Біз күштіміз, ептіміз

Мақсаты: Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Өнді тыңдап, әннің ырғағын айыру.

Көрнекілігі: Тақырыпқа байланысты суреттер, СД – дискілер.

Сөздік: күшті- хорошо

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Жетекші балаларды «Елім менің» әнімен кіргізеді. Амандасады. Зал бойымен қатарлас жүріп, қолдарына екі жалаушадан алып үш қатарға тұрып, жетекшінің көрсетуімен кішкентай, үлкен шеңбер жасап үйренеді.	Балалар әуен ырғағымен нық басып, жүруге талпынады. Тізелерін көтере, қимылдарды орындайды. Балалар жалаушаларды жинап орындарына отырады.
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар бүгінгі оқу іс әрекетіміз «Біз күштіміз, ептіміз». Балалар сендер барің күштісіздер тіл алғыш балаларсыздарго. Ән тыңдау: «Ақ бидай» Әннің мазмұны мен сипаты туралы әңгімелейді. «Отаныңды жақсы көресің бе?», деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсініктерін кеңейту. Елтаңба мен Ту туралы өлеңдер оқуын сұрайды. -«Қазақстан жалауы» әнінің ырғағын ажыратайық. - Бұл әнде жоғары дыбыстар ма? -Қысқа және ұзақ дыбыстар ше? -Паровоз ұзақ гуілдейді және қысқа дыбыс береді. Әнде де солай қысқа, ұзақ дыбыстар бар, деп түсіндіреді. Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ». Ән орындау кезіндегі ережелерді қайталау. Ән үйрену: «Біз ептіміз» әнін орындап ән сипатын ажыратуды, мазмұнын сұрайды. Ән ырғағын шапалақпен көрсетуді сұрайды. Өнді ашық, жарқын айтуға машықтандырады. -Енді балалар қозғалайық би билейік, Би билеу: «Бәліш пісірейік» биін балаларға үйретеді. Дид. ойын: «Сырнай мен даңғыра». Балалардың жоғары, төменгі дыбыстарды есту қабілетін дамытуға арналған.	Өнді ықыласпен тыңдап, әсерленеді. Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекеттенеді . Балалар өлең жолдарын айтады. -Ән көңілді, әдемі.- Ән ырғағын шапалақпен көрсетіп, әуеннен қалыспауға, сөздерін есте сақтауға үйренеді. Балалар биді қызығушылық таныта билейді. Ойын шартын түсініп, дыбыстарды естуге талпынады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	- Балалар, сендер қандай әуендер тыңдадыңдар? Балаларға сұрақтар қойып, оқу іс-әректің бекітеді, белсенді қатысқан балаларды мадақтау.	Қойылған сұрақтарға жауап бере отырып көтеріңкі көңілмен қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді тыңдап, ұзақ, қысқа дыбыстарды ажыратуды

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды, ырғақты сезінуді.

Меңгереді: Әуен ырғағымен аттың шабысын, шабандоздың қимылын жасауды.

Тақырыбы: Менің Отаным – Қазақстан.

Мақсаты: балалардың музыкалық шығарманы тыңдау, қабылдау, талдау, салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Ән салу шеберлігін дамыту. Әнді қуанышты, мақтанышпен орындауға төселдіру. Отанға, еліне, туған жеріне сүйіспеншілікке, басқа ұлт өкілдеріне сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу. Би жанрларын ажырата білуге талпындыру. Ән арқылы патриоттық сезімдерін дамыту.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Қазақстанның табиғаты, жер байлығы, қорықтары, қалалары туралы әңгімелесу. Басқа ұлттардың мәдениеті, дәстүрі және қолөнерімен таныстыру. Жаңылтпаш: Шөлі, көлі, шөбі, төлі, белі бар. Отан туралы мақал-мәтел сайысы: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Ән тыңдау. «Отан ортақ үйіміз». Д. Ботбаев. -Балалар, музыканы тыңдағанда қанаңды көңіл күйде болдыңдар? - Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? - Отан неден басталады? - Кім Отан туралы мақал-мәтел біледі? Ән айту. «Ұланы еркін елімнің». Т. Қоңыратбай. Ән айту ережелерін еске салу. -Ән қандай сипатта жазылған? - Ән орындағанда қандай қалыпта отырдыңдар? - Достық дегенді қалай түсінесіңдер? - Өскенде кім болғыларың келеді? - Отан қорғауға қалай қарайсыңдар? Әуенді қимыл-қозғалыс. «Отан ортақ үйіміз» әнінің музыкасына сәйкес қандай би қимылдарын орындауға болады? «Кел, билейік». Музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би элементтерін, қимылды нақты, көтеріңкі көңіл күймен орындауға талпындыру. Музыкалық аспапта ойнау. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Отан – отбасынан басталады. Отан – туған ауылдан, қаладан басталады. Әнді ережеге сәйкес орындайды. Сұрақтарға жауап береді. Әуенді қимылдарды орындайды. Әліппе-дәптермен жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Балалардың белсенділігін атап, марапаттау. Сұрақ-жауап әдісін ұйымдастыру.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: би жанрларын ажыратуды.

Игереді: ән салу шеберлігін, әнді қуанышты, мақтанышпен орындауды.

Меңгереді: музыкалық шығарманы тыңдау, қабылдау, талдау, салыстыру дағдыларын.

Тақырыбы: Қызыл, жасыл, көк шар

Көрнекілігі: әртүрлі шарлар

Өздеріңіздің қызыл крәсінін, көк «Әнім», жасыл – Әуеннің		
Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Көңілді әуен ойналып жеңіл жүріп секіріп, шеңбе бойымен жүгіріп түлі қимылда жасау.	Әуенге ілесе қимыл жасайды
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Кімде қандай түсті шар? Қызыл, сары, көк шар, Қолымызда көп шар Әуеде қалқиды, Әніміз шалқиды. – Балалар, сендер шармен ойнағанда қуандындар ма? Олай болса, мына әуенді бірге тындап көрейік. «Қуанамын» Әннің көңіл күйі мен сипатына балалардың көңілін аудару. Ән айту: «Күз тамаша» Әнді орындап, көңілді, ойнақы орындалатынын түсіндіру. Әннің әуенін бірнеше рет қайталап, үйрету. Балаларға ән мазмұнына сәйкес би қимылдарын жасауды ұсыну. «Әуеде қалқиды» деген жерде шарларын қалықта бұлғау керек. «Торғай» (А. Райымқұлова) әнін қайталау, еске түсіру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кішкентай би» Қарапайым би қимылдарын еске сақтау, жоғары және төмен дыбысталуын ажыратуға үйрету. Әннің сипатына сай бірге қосыла, дауысқа күш түсірмей, мазмұнын түсіне орындауға үйрету. «Музыкалық аспаптар дүкені» ойыны («Мүз-дидактикалық ойындар» жинағынан) Балалар музыкалық аспаптардың дауыстарын ажыратады.	Жауап беруге тырысады әуеге ілесе әнді айтады Ойынды қызығушылықпен ойнайды
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Кімге қандай музыкалық аспап ұнады? Балаларды мақтау, мадақтау, қорытындылау.	Жауап беруге тырысады

Біледі: түрлі түсті шарларды ажырата ілуді

Менгереді: Өздері дос іздеуді, биге шақыру дағдыларын

Тақырыбы: Жаса мәңгі, ана тілім.

Мақсаты: музыканың екпінін, ырғағын түсіне білуге жаттықтыру, ана тіліне деген мақтаныш, құрмет сезімдерін қалыптастыру. Ән мазмұны негізінде ана тіліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Әнді орындау кезінде дауысты дыбыстарды ашық, дұрыс орындауға үйрету. Вальс би элементтерімен таныстыру, биге деген қызығушылығын арттыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым, Арайлап атқан Күнге!	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Ана тілі туралы сұрақтар қойып, әңгіме жүргізу. -Ана тілі – біздің бабамыздан қалған тіл. - Ана тілі – анамыздың әлдиімен құлағымызға сіңген тіл. Ана тілін білмесең, Ана тілін білмесең, Қадірлісің кімге сен? Қадірлісің кімге сен? Ана тілі арқылы, Өз тілінде ер жетіп, Тарихыммен тілдесем. Қол созасың Күнге сен. Өлеңге қысқаша талдау жасау. Ән тыңдау. «Ана тілін сүйеміз». К. Дүйсекеев. -Ән қандай? - Музыканың әуені сендерге ұнады ма? Ән айту. «Ана тілін сүйемін». И. Нүсіпбаев. -Әнде не туралы айтылады? - Музыканың әуені сендерге ұнады ма? Әуенді қимыл-қозғалыс. «Қазақ вальсі». Л. Хамиди. Ұнтаспа. Вальс – жұптасып билейтін би. Жұптасып, шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүгіру. Музыкалық аспапта ойнау. Музыкалық-дидактикалық ойын: «Біздің ойын». Әліппе-дәптермен жұмыс.	Ана тілі туралы өз ойларымен бөліседі. Өлеңді мұқият тыңдап, жаттайды. Әнді зейін қойып тыңдайды. Әнді ереже бойынша айтады. Әуенді қимыл-қозғалыс жасап бойларын жазады. Вальс туралы түсініктерін қалыптастырады. Дәптермен жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Ана тілі туралы ұғымдарын бекіту. -Бүгін сендерге қандай іс-әрекет кезеңі ұнады? - Не туралы ән айттық? Балаларды мадақтау, марапаттау.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: музыканың екпінін, ырғағын түсініп, біледі.

Игереді: ана тіліне деген мақтаныш, құрмет сезімдерін, вальс би элементтерін.

Меңгереді: әнді орындау кезінде дауысты дыбыстарды ашық, дұрыс орындауды.

Тақырыбы: Жаңа жыл.

Мақсаты: музыканың сипатын, көңіл күйін бере орындау. Қимыл-қозғалысты кіріспеден кейін бастау, музыкаға сәйкес бейнелі, ырғақтық қимыл жасауға үйрету. Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Би биледің, жыр жырладың, Қызығына тоймадың. Достарыңмен ойнадың, Жаңа жылды тойладың. Бұл қай ай?	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Ән тыңдау. «Жаңа жыл». • Қыста қандай құбылыстар болады? • Қыс несімен ұнайды? • Қыста жауын-шашынның қай түрі жауады? • Кім қыс туралы мақал-мәтел, тақпақ біледі? Айнала аппақ қарға малынған, түрлі шаңғы, шана, конькимен сырғанаймыз. Қыс өте көңілді мезгіл. -Тыңдаған әніміз қандай көңіл күйде, көңілді ме, көңілсіз бе? Ән айту. «Аязата». -Ән бастамас бұрын, бойымызды тік ұстап, әнді әдемі айту үшін дауысқа бірнеше жаттығу жасап, дауысымызды ашып аламыз. Өткенде айтқан әнімізді еске түсіріп, қайталап аламыз. «Жаңа жыл» әнін тәрбиешімен бірге орындау. Ән мазмұнына талдау жасап, жұмбақ жасыру. • Аязата қандай мерекеде келеді? • Балаларға не әкеледі? • Аязатаның түр-түсі, сақалы, киімі қандай болады? Әнді дұрыс айтуға, демді бөлмей шығаруға үйрету керек. Психологиялық жаттығу: «Саусақтар жарысы». Әрбір саусақтың атын үйретіп, әр саусақты қимылға келтіріп отыру керек. Әуенді қимыл-қозғалыс. • «Қыс қызығы», «Аязата» әнінің музыкасына сәйкес қандай би билеуге болады? «Ұлпақарлар» биі. Музыкалық – дидактикалық ойын: «Көңілді аспаптар». Әліппе-дәптермен жұмыс.	Әнді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларымен бөліседі. Әнді барлығы хормен айтады. Ән айту ережелерін ұстанады. Сұрақтарға жауап береді. Қимылдарды мұқият орындайды. Психологиялық жаттығуды бірлесе орындайды. Дәптермен жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	-Бүгін сабақта қандай музыка тыңдадық? - Кім туралы ән үйрендік? - Ән сендерге ұнады ма? Сабакқа жақсы, белсене қатысқан балаларды мақтау.	Сұрақтарға жауап беру.

Біледі: музыканың сипатын, көңіл күйін.

Игереді: қимыл-қозғалысты кіріспеден кейін бастау, музыкаға сәйкес бейнелі, ырғақтық қимыл жасауды.

Меңгереді: мереке туралы түсініктерін.

Тақырыбы: Қысқы ойын қызығы.

Мақсаты: музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсіне, ажырата білуге талпындыру. Әннің ырғағын сақтап, қозғалыстарын бере білуге үйрету.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ, тістеп алады. Ол не? Қыс туралы тақпақтар оқып беру. Ән тыңдау. «Бұл қай кезде болады?». «Қыс». -Айнала аппақ қар, балалар қардан аққала жасаймыз, шанамен мұзда сырғанақ тебеміз, аяғымызға шаңғы байлап сырғанаймыз – мұның бәрі қай кезде болады? - Қыс қандай ерекшеліктерімен ұнайды? Ән айту. «Как на тоненький ледок». Орыстың халық әні. Ән айтар алдында дауысты ретке келтіру жаттығуларын орындау. -Өткен сабақта «Қыс» туралы қандай әнде тыңдадық? - Әнде қандай құбыстар бейнеленген? - Ойнайтын қандай музыкалық құралдарды білесіңдер? - Ән қандай көңіл күйде жазылған? - Ән қалай шырқалады? - Қандай қысқы ойын түрлерін білесіңдер? - Қысқы ойын туралы қандай жұмбақ білесіңдер? Жұмбақ: Жаздай тынығады, Қыста зымырайды. (Шана) Ақ қарда мен тұрмадым, Қос тақтаймен зырладым. (Шаңғы) Көлге жапқан қақпақ, Сіресіп тұр, Қатты-ақ, бұл не? Әуенді қимыл-қозғалыс. Қазіргі би ырғағы. Музыкалық аспапта ойнау. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Жұмбақты шешеді. Әнді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларымен бөліседі. Әнді барлығы хормен айтады. Ән айту ережелерін ұстанады. Сұрақтарға жауап береді. Жұмбақтарды шешеді. Қимылдарды мұқият орындайды. Дәптермен жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Сабақтың мазмұны бойынша сұрақ-жауап әдісін ұйымдастыру.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін.

Игереді: әннің ырғағын сақтап, қозғалыстарын бере білуді.

Меңгереді: музыка ырғағына қосылып, анық, нық би қимылдарын жасауды.

Тақырыбы: «Төлдер» «Қошақаным қайда екен?»

Мақсаты: Балаларға төрт түлік туралы әңгіме жүргізу. Төрт түліктің төлдерін атап беру. Олардың дыбыстарын баянда ойнау арқылы естеріне қалдыру.

Көрнекілігі: төлдер бейнеленген суреттер

Сөздік: қой-баран

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз	Қимылмен жасады
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар сіздер төлдерді білесіздерме? Балалар төлдер ұй жануарларына жатады. Сіздердің үйлеріңде қой ешкі барма? Қой, ешкінің пайдасы көп біздерге. Олардың сүттерін ішеміз емге жақсы, қойдың жүніннен наски тоқып киеміз, көрпе жасаймыз, етін жиміз. Ал ешкінің сүтінде жақсы барлық жерімізге емге жақсы, түбітін қолғап, наски бас киім тоқып киеміз. Кәне ән айтайық «Қошақаным қайдекен» Қимылды би «Аю аю тұршы»	Әуенге ілесе айтады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Қандай ән айттық?	Қошақаным қайдекен

Күтілетін нәтиже:

Біледі: төлдер туралы

Игереді: әуенге ілесе би қимылдарын жасауды

Меңгереді: әнді әуенге ілесе айтуды

Тақырыбы: Торғайлар

Мақсаты: Балаларға күз мезгіліндегі құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі: құстар суреттері, торғай суреті немесе ойыншық торғай

Сөздік: құс-птица, торғай – воробей

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Таныс марш әуені ойналып, балаларға ырғақпен нық басып жүруді ұсынады. Нық басып келеміз! Бір, екі, үш! Көңілді жүреміз! Бір, екі, үш!	Балалар әуенге ілесе шеңбер бойымен жүреді,
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар, мұнда келіңдер, Қызықты көріңдер! Торғай ұшып келіпті, Үй үстіне қоныпты. (Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі). Шик-шиқ етіп дыбыстайды, Ешбір құстан қалыспайды. Тұмсығымен жер шоқып, Тары, бидай тереді. ән тыңдау: «Торғай» Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды. Ән айту: «Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қолшатырлар биін» қайталау, әуенге ілесе жапырақтарды жоғары көтере тербеле қозғалуын, еске сақтауға үйрету. «Мысық пен торғайлар» ойыны («Құстар» Л. Банников) әуенінің ырғағымен ілесе қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп: Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықтайды, Торғайды аңдып шатырдан күні бойы шықпайды. Мияу-мияу... – деп балаларды – «торғайларды» сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып, «сымдарға» – ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.	Қызығушылықпен тыңдайды
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балаларға бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, мадақтайды.	Көңіл күйлері жақсы

Күтілетін нәтиже:

Біледі: торғайлар туралы түсінікті

Игереді: әнді әуенге ілесе қимыл жасауды

Меңгереді: торғайларға ұя салуды

Тақырыбы: Қыс келді.

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге үйрету. Көңілді әнді әсерлі етіп айтуға дағдыландыру. Музыка үнімен жануарлардың, аңдардың қимыл-қозғалыстарын көрсетуге төселдіру. Әннің ырғағын сақтап, еркін орындауға баулу. Балалардың байқампаздық қабілеттерін дамыту.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Ән тыңдау: «Бұл қай кезде болады?». «Қыс». «Қыс қызығы». • Қазір жылдың қай мезгілі? • Қыс несімен ұнайды? • Қыста қандай мерекені тойлаймыз? • Тыңдаған музыка қалай орындалды? Ән айту: «Ақша қар». Жұмбақ: Аппақ-аппақ көбелек, Жерге қонар себелеп. Ақ жұлдызша жылтылдап, Ұстатпайды не керек. Бұл не? • Қыста көбелек бола ма? • Онда көбелек деп нені айтады? Қармен тәжірибе көрсету. Жұмбақ: Жалт-жұлт етеді, Ұстасаң еріп кетеді. • Қыс мезгілінде қандай түс басым келеді? • Қыста айналаны не басады? • Жер қандай көрпе жамылады? • Ақша қар деген не? • Ақша қар қандай болады? Ән айтар алдында ережені есте сақтап, дыбысты таза айтуды үйрету. Ән орташа екпінде, жеңіл, көңілді орындалады. Әуенді қимыл-қозғалыс. «Өз түсінді тап». «Ұлпақарлар биі». 1.Биді түсті таспалармен орындайды. Қолдарына жылтырақ қағаз ұстайды. 2.Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып, тұрған орындарында айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Әндерді зейін қойып тыңдайды. Мазмұнына мән береді. Сұрақтарға жауап береді. Әнді барлығы айтады. Жұмбақтың шешуін табады. Сұраққа жауап береді. Жұмақты шешеді. Сұраққа жауап береді. Ән айтудың ережесін ұстанып, орындайды. Қимыл-қозғалысты әуенмен орындайды. Ережелерді сақтайды. Дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	-Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады. -Қыста терезе терлесе, аяз болады. -Мысық жылы жерді паналаса, аяз болады.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: әуен сазынан қыс көріністерін естуді, оны қимыл-қозғалыспен бейнелеуді.

Игереді: көңілді әнді әсерлі етіп айтуды.

Меңгереді: музыка үнімен жануарлардың, аңдардың қимыл-қозғалыстарын көрсетуді.

Тақырыбы: Аққала

Мақсаты: Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге ұмтылу
 Көрнекілігі: Табиғат аясындағы қардан жасалған мүсіндер..
 Сөздік: қыс-зима

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оқтаушылық	Жылулық шеңбері: Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Қайырлы күн балалар Қайырлы күн апайлар	Жылулық шеңберіне жақсы көңіл күймен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	«Аққала» жұмбақ-жаттығуы: Ойлаңдар да ойнаңдар, Сәбіз мұрын кімде бар? Шелек киген басына, Айтыңдаршы, балалар? -Сонымен ол кім екен, балалар? Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Музыка тыңдау: «Ақша қар» Аққала: Балалар, мен еріп бара жатырмын, көмектесіңдерші! Ән айту: «Аққала» Аққала әуені ойналып, балаларға әуені мен қимылы үйретіледі, көрсетіледі. Кез келген баланы ортаға шығарып, Аққала кейпінде ойнауға шақыру. Әннің соңы жылдам музыкаға айналады. Жылдам музыкамен көңілді жүгіреміз, қашамыз, тоқтағанда қозғалмай, қатып қалу керек. Балаларға келесі ойынның шартын түсіндіру. «Аққаланы кім жылдам киіндіреді?» Сергіту сәті: Телбеледі ағаштар Алдыңнан жел еседі Кіп кішкентай ағаштар Үпүлкен боп өседі	Балалар сөзін тыңдайды, «Аққала» деп жауап беруге тырысады. Балалар «қыс» деп жауап береді. әнді әуенге ілесе айтады Сергіту сәтіне қызығушылықпен қатысады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	-Балалар, енді өздерің далаға серуенге шыққанда Аққаланы жасап көріңдер. Сау болыңдар!	Балалар қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: тыңдауды, қайталауды, дыбыстарды таза айтуды.

Игереді: дыбыс жаттығуын, баспалдақпен дыбыстарды жоғары-төмен айтуды

Меңгереді: мәтіне қарай қимылдарын тыңдап жасауды

Тақырыбы: Көліктер

Мақсаты: Көлік ойыншықтары туралы түсіндіру.

Ойыншықтардың зат екенін балаларға түсіндіру.

Көрнекілігі: Көлік түрлері суреттері слайт бойынша

Сөздік: машина, трактор

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық -оятушылық	Шаттық шеңбері: Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен, Иіліп сәлем береміз.	Балалар шаттық шеңберіне тұрып амандасады.
Ұйымдастырушылық -ізденушілік	Балалар жаңа шаттық шеңберінде не туралы айтылған ән? Балалар мына суретке қарайықшы қандай көлік түрлері бар екен. Көлік түрлері әңгімесін жалғастырып, оның пайдалы жағын, адамның еңбегі жеңілдетеді, алысты жақындатады. Зиянды жағы: көліктерден бөлініп шығатын зиянды газдармен түтіндер қоршаған ортаның ауасын ластайды, адам ағзасына кері әсерін тигізетінін айту. Осыған орай өсімдіктер ағаштар, гүлдер ауаны тазартатынын, яғни улы заттарын бойына тартып алатынын. Бірінші адамдар велосипедпен жүрген онымен газет тасыған баратын жерлеріне велосипедпен барған. Ертеде адамдар көлік ретінде үй жануарларын пайдаланған. Оларға арба жегіп жүк тасыды. Адамдар атшанамен жүрді. Кейіннен тек көлік түрлері шықты. Балалар мына суреттен нені көріп тұрсыздар? Ия балалар бағдаршам бағдаршамның қай көзі жанғанда біздер жаяу жүргіншілер жолымен өтеміз? Кәне балалар көрсетіп жіберейік. Бағдаршам жанғанда көлік тоқтайтынын адам өтетінін. Дұрыс балалар жасыл түс жанғанда адамдар жүреді. Қызыл түсте машина тоқтайт, сары түсте дайындалат, жасыл түсте жүрет. Ән тыңдау: «Көліктер дауысы» Музыкалық –қимылды қозғалыс: «Фиксики» Ойын: «Ұшады, жүреді, жүзеді» Шарты: Көліктің түрлері туралы айтылады. Жүретін көлік болса, қолдарымен дөңгелетіп айналдырады, әуе көлігі болса, қолдарын жоғары көтереді, су көлігі болса, қолдарын үшбұрыштап, көрсетеді.	Көлік туралы Балалар көңіл қойып тыңдады әуенді зейін қойып тыңдады бағдаршам Жасыл әуенге ілесе қимыл жасады Ойынға қызығушылықпен қатысады Қызығушылықпен ойнайды
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар бүгін не туралы әңгімеледі? Ойын ұнадыма?	Көлік түрлері туралы. Ия

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасайды;

Игереді: музыканың мазмұны мен көңіл күйін

Меңгереді: әуенді тыңдай отырып дыбысын ажыратуды

Тақырыбы: Қысқы әуен

Мақсаты: Музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айту қабілеттерін жетілдіру; әнді тыңдап, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету; балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау

Көрнекілігі: Қыс мезгілінің суреттері

Сөздік: қыс-зима, ойыншық-игрушка

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Балаларды көңілді әнмен қарсы алу, амандасу. Кішкентай шыршаның әшекейлерін көруге шақыру	Балалар кішкене шыршаға тамсана қарайды.
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Міне сұлу шыршамыз Қуанамыз баршамыз Әсем –сұлу жұлдызша Жарқырайды құлпыра Ойыншықтар әртүрлі Ілініпті қараса-деп, шыршаның әдемі безендірілгенін көруге шақыру. Балалар шыршаны біздер қай мезгілде құрамыз? Кәне балалар, бәріміз ән тыңдайық. Музыка тыңдау«Шырша» Балалардың зейінін ойыншық қояндар мен түлкіге аудару олар шырша түбінде отырады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Полька» Ән айту. «Аязата» Кәне балалар бәріміз шеңбер болып тұрайық. «Ақшақарлар» биін билейік Ойын ойнайық балалар . «Қар лақтыру» ойыны Қолдан мақтадан жасалған қарды лақтырып ойнайды.	Балалар шырша басына қарап қуанады. Жаңа жыл болғанда Балалар әнді тыңдайды Балалар шырша түбінде отырған қоян мен түлкіге қарайды Музыкасын тыңдап ойнауға тырысады, қимылдарын ілесе жасайды. Балалар қызығушылықпен билейді. Балалар ұйымшылдықпен ойнайды.
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар сендерге ойын ұнадыма? Қандай ән айттық?	Ұнады Аяз ата

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка тыңдауды, кейіпкерлердің қимыл -әрекетіне мұқият болуды.

Игереді: кейіпкерлердің эмоцияларын қабылдауды.

Меңгереді: аңдар жүрісін, секіруін, дұрыс сөйлеуін.

Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы

Мақсаты: Балалардан өскендегі кім болғысы келетіндерін сұрап, қаржының еңбек арқылы келетінін айтып Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету ұғындыру.

Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар бүгінгі оқу іс әрекетіміз «Біз күштіміз, ептіміз». Балалар сендер барің күштісіздер тіл алғыш балаларсыздарго. Ән тыңдау: «Ақ бидай» Әннің мазмұны мен сипаты туралы әңгімелейді. «Отаныңды жақсы көресің бе?», деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсініктерін кеңейту. Елтаңба мен Ту туралы өлеңдер оқуын сұрайды. -«Қазақстан жалауы» әнінің ырғағын ажыратайық. - Бұл әнде жоғары дыбыстар ма? -Қысқа және ұзақ дыбыстар ше? -Паровоз ұзақ гуілдейді және қысқа дыбыс береді. Әнде де солай қысқа, ұзақ дыбыстар бар, деп түсіндіреді. Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ». Ән орындау кезіндегі ережелерді қайталау. Ән үйрену: «Біз ептіміз» әнін орындап ән сипатын ажыратуды, мазмұнын сұрайды. Ән ырғағын шапалақпен көрсетуді сұрайды. Әнді ашық, жарқын айтуға машықтандырады. -Енді балалар қозғалайық би билейік, Би билеу: «Бәліш пісірейік» биін балаларға үйретеді. Дид. ойын: «Сырнай мен даңғыра». Балалардың жоғары, төменгі дыбыстарды есту қабілетін дамытуға арналған.	Әнді ықыласпен тыңдап, әсерленеді. Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекеттенеді. Балалар өлең жолдарын айтады. -Ән көңілді, әдемі.- Ән ырғағын шапалақпен көрсетіп, әуеннен қалыспауға, сөздерін есте сақтауға үйре неді. Балалар биді қызығушылық таныта билейді. Ойын шартын түсініп, дыбыстарды естуге талпынады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	- Балалар, сендер қандай әуендер тыңдадыңдар? Балаларға сұрақтар қойып, оқу іс-әректің бекітеді, белсенді қатысқан балаларды мадақтау.	Қойылған сұрақтарға жауап бере отырып көтеріңкі көңілмен қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді тыңдап, ұзақ, қысқа дыбыстарды ажыратуды

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды, ырғақты сезінуді.

Меңгереді: Әуен ырғағымен аттың шабысын, шабандоздың қимылын жасауды.

Тақырыбы: Менің Отаным – Қазақстан.

Мақсаты: балалардың музыкалық шығарманы тыңдау, қабылдау, талдау, салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Ән салу шеберлігін дамыту. Әнді қуанышты, мақтанышпен орындауға төселдіру. Отанға, еліне, туған жеріне сүйіспеншілікке, басқа ұлт өкілдеріне сыйластыққа, достыққа тәрбиелеу. Би жанрларын ажырата білуге талпындыру. Ән арқылы патриоттық сезімдерін дамыту.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Қазақстанның табиғаты, жер байлығы, қорықтары, қалалары туралы әңгімелесу. Басқа ұлттардың мәдениеті, дәстүрі және қолөнерімен таныстыру. Жаңылтпаш: Шөлі, көлі, шөбі, төлі, белі бар. Отан туралы мақал-мәтел сайысы: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Ән тыңдау. «Отан ортақ үйіміз». Д. Ботбаев. -Балалар, музыканы тыңдағанда қанадай көңіл күйде болдыңдар? - Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? - Отан неден басталады? - Кім Отан туралы мақал-мәтел біледі? Ән айту. «Ұланы еркін елімнің». Т. Қоңыратбай. Ән айту ережелерін еске салу. -Ән қандай сипатта жазылған? - Ән орындағанда қандай қалыпта отырдыңдар? - Достық дегенді қалай түсінесіңдер? - Өскенде кім болғыларың келеді? - Отан қорғауға қалай қарайсыңдар? Әуенді қимыл-қозғалыс. • «Отан ортақ үйіміз» әнінің музыкасына сәйкес қандай би қимылдарын орындауға болады? «Кел, билейік». Музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би элементтерін, қимылды нақты, көтеріңкі көңіл күймен орындауға талпындыру. Музыкалық аспапта ойнау. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Отан – отбасынан басталады. Отан – туған ауылдан, қаладан басталады. Әнді ережеге сәйкес орындайды. Сұрақтарға жауап береді. Әуенді қимылдарды орындайды. Әліппе-дәптермен жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Балалардың белсенділігін атап, марапаттау. Сұрақ-жауап әдісін ұйымдастыру.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: би жанрларын ажыратуды.

Игереді: ән салу шеберлігін, әнді қуанышты, мақтанышпен орындауды.

Меңгереді: музыкалық шығарманы тыңдау, қабылдау, талдау, салыстыру дағдыларын.

Тақырыбы: Қызыл, жасыл, көк шар

Мақсаты: музыканың екпінін, ырғағын түсіне білуге жаттықтыру, ана тіліне деген мақтаныш, құрмет сезімдерін қалыптастыру. Ән мазмұны негізінде ана тіліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Әнді орындау кезінде дауысты дыбыстарды ашық, дұрыс орындауға үйрету. Вальс би элементтерімен таныстыру, биге деген қызығушылығын арттыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру. Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық достарым, Арайлап атқан Күнге!	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Ана тілі туралы сұрақтар қойып, әңгіме жүргізу. -Ана тілі – біздің бабамыздан қалған тіл. - Ана тілі – анамыздың әлдиімен құлағымызға сіңген тіл. Ана тілін білмесең, Ана тілін білмесең, Қадірлісің кімге сен? Қадірлісің кімге сен? Ана тілі арқылы, Өз тілінде ер жетіп, Тарихыммен тілдесем. Қол созасың Күнге сен. Өлеңге қысқаша талдау жасау. Ән тыңдау. «Ана тілін сүйеміз». К. Дүйсекеев. -Ән қандай? - Музыканың әуені сендерге ұнады ма? Ән айту. «Ана тілін сүйемін». И. Нүсіпбаев. -Әнде не туралы айтылады? - Музыканың әуені сендерге ұнады ма? Әуенді қимыл-қозғалыс. «Қазақ вальсі». Л. Хамиди. Ұнтаспа. Вальс – жұптасып билейтін би. Жұптасып, шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүгіру. Музыкалық аспапта ойнау. Музыкалық-дидактикалық ойын: «Біздің ойын». Әліппе-дәптермен жұмыс.	Ана тілі туралы өз ойларымен бөліседі. Өлеңді мұқият тыңдап, жаттайды. Әнді зейін қойып тыңдайды. Әнді ереже бойынша айтады. Әуенді қимыл-қозғалыс жасап бойларын жазады. Вальс туралы түсініктерін қалыптастырады. Дәптермен жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Ана тілі туралы ұғымдарын бекіту. -Бүгін сендерге қандай іс-әрекет кезеңі ұнады? - Не туралы ән айттық? Балаларды мадақтау, марапаттау.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: музыканың екпінін, ырғағын түсініп, біледі.

Игереді: ана тіліне деген мақтаныш, құрмет сезімдерін, вальс би элементтерін.

Меңгереді: әнді орындау кезінде дауысты дыбыстарды ашық, дұрыс орындауды.

Тақырыбы: Жаңа жыл.

Мақсаты: музыканың сипатын, көңіл күйін бере орындау. Қимыл-қозғалысты кіріспеден кейін бастау, музыкаға сәйкес бейнелі, ырғақтық қимыл жасауға үйрету. Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Би биледің, жыр жырладың, Қызығына тоймадың. Достарыңмен ойнадың, Жаңа жылды тойладың. Бұл қай ай?	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Ән тыңдау. «Жаңа жыл». • Қыста қандай құбылыстар болады? • Қыс несімен ұнайды? • Қыста жауын-шашынның қай түрі жауады? • Кім қыс туралы мақал-мәтел, тақпақ біледі? Айнала аппақ қарға малынған, түрлі шаңғы, шана, конькимен сырғанаймыз. Қыс өте көңілді мезгіл. -Тыңдаған әніміз қандай көңіл күйде, көңілді ме, көңілсіз бе? Ән айту. «Аязата». -Ән бастамас бұрын, бойымызды тік ұстап, әнді әдемі айту үшін дауысқа бірнеше жаттығу жасап, дауысымызды ашып аламыз. Өткенде айтқан әнімізді еске түсіріп, қайталап аламыз. «Жаңа жыл» әнін тәрбиешімен бірге орындау. Ән мазмұнына талдау жасап, жұмбақ жасыру. • Аязата қандай мерекеде келеді? • Балаларға не әкеледі? • Аязатаның түр-түсі, сақалы, киімі қандай болады? Әнді дұрыс айтуға, демді бөлмей шығаруға үйрету керек. Психологиялық жаттығу: «Саусақтар жарысы». Әрбір саусақтың атын үйретіп, әр саусақты қимылға келтіріп отыру керек. Әуенді қимыл-қозғалыс. • «Қыс қызығы», «Аязата» әнінің музыкасына сәйкес қандай би билеуге болады? «Ұлпақарлар» биі. Музыкалық – дидактикалық ойын: «Көңілді аспаптар». Әліппе-дәптермен жұмыс.	Әнді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларымен бөліседі. Әнді барлығы хормен айтады. Ән айту ережелерін ұстанады. Сұрақтарға жауап береді. Қимылдарды мұқият орындайды. Психологиялық жаттығуды бірлесе орындайды. Дәптермен жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	-Бүгін сабақта қандай музыка тыңдадық? - Кім туралы ән үйрендік? - Ән сендерге ұнады ма? Сабаққа жақсы, белсене қатысқан балаларды мақтау.	Сұрақтарға жауап беру.

Біледі: музыканың сипатын, көңіл күйін.

Игереді: қимыл-қозғалысты кіріспеден кейін бастау, музыкаға сәйкес бейнелі, ырғақтық қимыл жасауды.

Меңгереді: мереке туралы түсініктерін.

Тақырыбы: Қысқы ойын қызығы.

Мақсаты: музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсіне, ажырата білуге талпындыру. Әннің ырғағын сақтап, қозғалыстарын бере білуге үйрету.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ, тістеп алады. Ол не? Қыс туралы тақпақтар оқып беру. Ән тыңдау. «Бұл қай кезде болады?». «Қыс». -Айнала аппақ қар, балалар қардан аққала жасаймыз, шанамен мұзда сырғанақ тебеміз, аяғымызға шаңғы байлап сырғанаймыз – мұның бәрі қай кезде болады? - Қыс қандай ерекшеліктерімен ұнайды? Ән айту. «Как на тоненький ледок». Орыстың халық әні. Ән айтар алдында дауысты ретке келтіру жаттығуларын орындау. -Өткен сабақта «Қыс» туралы қандай әнде тыңдадық? - Әнде қандай құбыстар бейнеленген? - Ойнайтын қандай музыкалық құралдарды білесіңдер? - Ән қандай көңіл күйде жазылған? - Ән қалай шырқалады? - Қандай қысқы ойын түрлерін білесіңдер? - Қысқы ойын туралы қандай жұмбақ білесіңдер? Жұмбақ: Жаздай тынығады, Қыста зымырайды. (Шана) Ақ қарда мен тұрмадым, Қос тақтаймен зырладым. (Шаңғы) Көлге жапқан қақпақ, Сіресіп тұр, Қатты-ақ, бұл не? Әуенді қимыл-қозғалыс. Қазіргі би ырғағы. Музыкалық аспапта ойнау. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Жұмбақты шешеді. Әнді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларымен бөліседі. Әнді барлығы хормен айтады. Ән айту ережелерін ұстанады. Сұрақтарға жауап береді. Жұмбақтарды шешеді. Қимылдарды мұқият орындайды. Дәптермен жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Сабақтың мазмұны бойынша сұрақ-жауап әдісін ұйымдастыру.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін.

Игереді: әннің ырғағын сақтап, қозғалыстарын бере білуді.

Меңгереді: музыка ырғағына қосылып, анық, нық би қимылдарын жасауды.

Тақырыбы: «Төлдер» «Қошақаным қайда екен?»

Мақсаты: Балаларға төрт түлік туралы әңгіме жүргізу. Төрт түліктің төлдерін атап беру. Олардың дыбыстарын баянда ойнау арқылы естеріне қалдыру.

Көрнекілігі: төлдер бейнеленген суреттер

Сөздік: қой-баран

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз	Қимылмен жасады
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар сіздер төлдерді білесіздерме? Балалар төлдер ұй жануарларына жатады. Сіздердің үйлеріңде қой ешкі барма? Қой, ешкінің пайдасы көп біздерге. Олардың сүттерін ішеміз емге жақсы, қойдың жүніннен наски тоқып киеміз, көрпе жасаймыз, етін жиміз. Ал ешкінің сүтінде жақсы барлық жерімізге емге жақсы, түбітін қолғап, наски бас киім тоқып киеміз. Кәне ән айтайық «Қошақаным қайдекен» Қимылды би «Аю аю тұршы»	Әуенге ілесе айтады
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Қандай ән айттық?	Қошақаным қайдекен

Күтілетін нәтиже:

Біледі: төлдер туралы

Игереді: әуенге ілесе би қимылдарын жасауды

Меңгереді: әнді әуенге ілесе айтуды

Тақырыбы: Торғайлар

Мақсаты: Балаларға күз мезгіліндегі құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі: құстар суреттері, торғай суреті немесе ойыншық торғай

Сөздік: құс-птица, торғай – воробей

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Таныс марш әуені ойналып, балаларға ырғақпен нық басып жүруді ұсынады. Нық басып келеміз! Бір, екі, үш! Көңілді жүреміз! Бір, екі, үш!	Балалар әуенге ілесе шеңбер бойымен жүреді,
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар, мұнда келіңдер, Қызықты көріңдер! Торғай ұшып келіпті, Үй үстіне қоныпты. (Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі). Шик-шик етіп дыбыстайды, Ешбір құстан қалыспайды. Тұмсығымен жер шоқып, Тары, бидай тереді. ән тыңдау: «Торғай» Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды. Ән айту: «Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қолшатырлар биін» қайталау, әуенге ілесе жапырақтарды жоғары көтере тербеле қозғалуын, еске сақтауға үйрету. «Мысық пен торғайлар» ойыны («Құстар» Л. Банников) әуенінің ырғағымен ілесе қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп: Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықтайды, Торғайды аңдып шатырдан күні бойы шықпайды. Мияу-мияу... – деп балаларды – «торғайларды» сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып, «сымдарға» – ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.	Қызығушылықпен тыңдайды
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балаларға бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, мадақтайды.	Көңіл күйлері жақсы

Күтілетін нәтиже:

Біледі: торғайлар туралы түсінікті

Игереді: әнді әуенге ілесе қимыл жасауды

Меңгереді: торғайларға ұя салуды

Тақырыбы: Қыс келді.

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге үйрету. Көңілді әнді әсерлі етіп айтуға дағдыландыру. Музыка үнімен жануарлардың, аңдардың қимыл-қозғалыстарын көрсетуге төселдіру. Әннің ырғағын сақтап, еркін орындауға баулу. Балалардың байқампаздық қабілеттерін дамыту.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Ән тыңдау: «Бұл қай кезде болады?». «Қыс». «Қыс қызығы». • Қазір жылдың қай мезгілі? • Қыс несімен ұнайды? • Қыста қандай мерекені тойлаймыз? • Тыңдаған музыка қалай орындалды? Ән айту: «Ақша қар». Жұмбақ: Аппақ-аппақ көбелек, Жерге қонар себелеп. Ақ жұлдызша жылтылдап, Ұстатпайды не керек. Бұл не? • Қыста көбелек бола ма? • Онда көбелек деп нені айтады? Қармен тәжірибе көрсету. Жұмбақ: Жалт-жұлт етеді, Ұстасаң еріп кетеді. • Қыс мезгілінде қандай түс басым келеді? • Қыста айналаны не басады? • Жер қандай көрпе жамылады? • Ақша қар деген не? • Ақша қар қандай болады? Ән айтар алдында ережені есте сақтап, дыбысты таза айтуды үйрету. Ән орташа екпінде, жеңіл, көңілді орындалады. Әуенді қимыл-қозғалыс. «Өз түсінді тап». «Ұлпақарлар биі». 1.Биді түсті таспалармен орындайды. Қолдарына жылтырақ қағаз ұстайды. 2.Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып, тұрған орындарында айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Әндерді зейін қойып тыңдайды. Мазмұнына мән береді. Сұрақтарға жауап береді. Әнді барлығы айтады. Жұмбақтың шешуін табады. Сұраққа жауап береді. Жұмақты шешеді. Сұраққа жауап береді. Ән айтудың ережесін ұстанып, орындайды. Қимыл-қозғалысты әуенмен орындайды. Ережелерді сақтайды. Дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	-Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады. -Қыста терезе терлесе, аяз болады. -Мысық жылы жерді паналаса, аяз болады.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: әуен сазынан қыс көріністерін естуді, оны қимыл-қозғалыспен бейнелеуді.

Игереді: көңілді әнді әсерлі етіп айтуды.

Меңгереді: музыка үнімен жануарлардың, аңдардың қимыл-қозғалыстарын көрсетуді.

Тақырыбы: Аққала

Мақсаты: Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге ұмтылу
 Көрнекілігі: Табиғат аясындағы қардан жасалған мүсіндер..
 Сөздік: қыс-зима

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оқтаушылық	Жылулық шеңбері: Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Қайырлы күн балалар Қайырлы күн апайлар	Жылулық шеңберіне жақсы көңіл күймен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	«Аққала» жұмбақ-жаттығуы: Ойлаңдар да ойнаңдар, Сәбіз мұрын кімде бар? Шелек киген басына, Айтыңдаршы, балалар? -Сонымен ол кім екен, балалар? Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Музыка тыңдау: «Ақша қар» Аққала: Балалар, мен еріп бара жатырмын, көмектесіңдерші! Ән айту: «Аққала» Аққала әуені ойналып, балаларға әуені мен қимылы үйретіледі, көрсетіледі. Кез келген баланы ортаға шығарып, Аққала кейпінде ойнауға шақыру. Әннің соңы жылдам музыкаға айналады. Жылдам музыкамен көңілді жүгіреміз, қашамыз, тоқтағанда қозғалмай, қатып қалу керек. Балаларға келесі ойынның шартын түсіндіру. «Аққаланы кім жылдам киіндіреді?» Сергіту сәті: Телбеледі ағаштар Алдыңнан жел еседі Кіп кішкентай ағаштар Үпүлкен боп өседі	Балалар сөзін тыңдайды, «Аққала» деп жауап беруге тырысады. Балалар «қыс» деп жауап береді. әнді әуенге ілесе айтады Сергіту сәтіне қызығушылықпен қатысады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	-Балалар, енді өздерің далаға серуенге шыққанда Аққаланы жасап көріңдер. Сау болыңдар!	Балалар қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: тыңдауды, қайталауды, дыбыстарды таза айтуды.

Игереді: дыбыс жаттығуын, баспалдақпен дыбыстарды жоғары-төмен айтуды

Меңгереді: мәтіне қарай қимылдарын тыңдап жасауды

Тақырыбы: Көліктер

Мақсаты: Көлік ойыншықтары туралы түсіндіру.

Ойыншықтардың зат екенін балаларға түсіндіру.

Көрнекілігі: Көлік түрлері суреттері слайт бойынша

Сөздік: машина, трактор

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық -оятушылық	Шаттық шеңбері: Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен, Иіліп сәлем береміз.	Балалар шаттық шеңберіне тұрып амандасады.
Ұйымдастырушылық -ізденушілік	Балалар жаңа шаттық шеңберінде не туралы айтылған ән? Балалар мына суретке қарайықшы қандай көлік түрлері бар екен. Көлік түрлері әңгімесін жалғастырып, оның пайдалы жағын, адамның еңбегі жеңілдетеді, алысты жақындатады. Зиянды жағы: көліктерден бөлініп шығатын зиянды газдармен түтіндер қоршаған ортаның ауасын ластайды, адам ағзасына кері әсерін тигізетінін айту. Осыған орай өсімдіктер ағаштар, гүлдер ауаны тазартатынын, яғни улы заттарын бойына тартып алатынын. Бірінші адамдар велосипедпен жүрген онымен газет тасыған баратын жерлеріне велосипедпен барған. Ертеде адамдар көлік ретінде үй жануарларын пайдаланған. Оларға арба жегіп жүк тасыды. Адамдар атшанамен жүрді. Кейіннен тек көлік түрлері шықты. Балалар мына суреттен нені көріп тұрсыздар? Ия балалар бағдаршам бағдаршамның қай көзі жанғанда біздер жаяу жүргіншілер жолымен өтеміз? Кәне балалар көрсетіп жіберейік. Бағдаршам жанғанда көлік тоқтайтынын адам өтетінін. Дұрыс балалар жасыл түс жанғанда адамдар жүреді. Қызыл түсте машина тоқтайт, сары түсте дайындалат, жасыл түсте жүрет. Ән тыңдау: «Көліктер дауысы» Музыкалық –қимылды қозғалыс: «Фиксики» Ойын: «Ұшады, жүреді, жүзеді» Шарты: Көліктің түрлері туралы айтылады. Жүретін көлік болса, қолдарымен дөңгелетіп айналдырады, әуе көлігі болса, қолдарын жоғары көтереді, су көлігі болса, қолдарын үшбұрыштап, көрсетеді.	Көлік туралы Балалар көңіл қойып тыңдады әуенді зейін қойып тыңдады бағдаршам Жасыл әуенге ілесе қимыл жасады Ойынға қызығушылықпен қатысады Қызығушылықпен ойнайды
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар бүгін не туралы әңгімеледі? Ойын ұнадыма?	Көлік түрлері туралы. Ия

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасайды;

Игереді: музыканың мазмұны мен көңіл күйін

Меңгереді: әуенді тыңдай отырып дыбысын ажыратуды

Тақырыбы: Қысқы әуен

Мақсаты: Музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айту қабілеттерін жетілдіру; әнді тыңдап, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету; балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау

Көрнекілігі: Қыс мезгілінің суреттері

Сөздік: қыс-зима, ойыншық-игрушка

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Балаларды көңілді әнмен қарсы алу, амандасу. Кішкентай шыршаның әшекейлерін көруге шақыру	Балалар кішкене шыршаға тамсана қарайды.
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Міне сұлу шыршамыз Қуанамыз баршамыз Әсем –сұлу жұлдызша Жарқырайды құлпыра Ойыншықтар әртүрлі Ілініпті қараса-деп, шыршаның әдемі безендірілгенін көруге шақыру. Балалар шыршаны біздер қай мезгілде құрамыз? Кәне балалар, бәріміз ән тыңдайық. Музыка тыңдау«Шырша» Балалардың зейінін ойыншық қояндар мен түлкіге аудару олар шырша түбінде отырады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Полька» Ән айту. «Аязата» Кәне балалар бәріміз шеңбер болып тұрайық. «Ақшақарлар» биін билейік Ойын ойнайық балалар . «Қар лақтыру» ойыны Қолдан мақтадан жасалған қарды лақтырып ойнайды.	Балалар шырша басына қарап қуанады. Жаңа жыл болғанда Балалар әнді тыңдайды Балалар шырша түбінде отырған қоян мен түлкіге қарайды Музыкасын тыңдап ойнауға тырысады, қимылдарын ілесе жасайды. Балалар қызығушылықпен билейді. Балалар ұйымшылдықпен ойнайды.
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар сендерге ойын ұнадыма? Қандай ән айттық?	Ұнады Аяз ата

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка тыңдауды, кейіпкерлердің қимыл -әрекетіне мұқият болуды.

Игереді: кейіпкерлердің эмоцияларын қабылдауды.

Меңгереді: аңдар жүрісін, секіруін, дұрыс сөйлеуін.

Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы

Мақсаты: Балалардан өскендегі кім болғысы келетіндерін сұрап, қаржының еңбек арқылы келетінін айтып Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету ұғындыру.

Көрнекілігі: Мамандық бойынша суреттер, металафон, үшбұрыш, маракасса аспаптары

Сөздік: дәрігер, ұстаз

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Көңілді әуенге секіріп жүгіріп, жануарлар қимылын салып жүру	Қызығушылықпен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар мына суреттерден нелерді көріп тұрсыздар? Балалар бүгінгі оқу қызметіміз тақырыбы «Мамандықтың бәрі жақсы» Балалар сіздер өскенде кім боласыздар? Сіздер дәрігер болсаңдар адамдарды емдейсіздер, ал мұғалім болсаңдар балаларға білім бересіздер, полиция қызметкері болсаңдар адамдарды қорғайсыздар, яғни қандай мамандық тандасаңыздар бір маман иесі боласыздар. Ән тыңдау: «Мен дәрігер боламын» Балалар мына әнді тыңдайық не туралы айтылғанын. Ойын ойнап жіберейік балалар «Не артық» Балалар мына суретте не артық екенін табасыздар.	Дәрігерлерді, мұғалімдерді Балалар өз жауаптарын айтады Балалар зейін қойып тыңдайды Әнді балалар көңіл қойып тыңдайды Ойынды қызығушылықпен ойнайды
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар ойын ұнадыма? Әнде не туралы айтылған екен?	Балалар өз жауаптарын айтты

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ән не туралы екенін

Игереді: ойынды шартына сай ойнауды

Меңгереді: өздеріне

Технологиялық картаны толтырған: Г.Аяпова

Тақырыбы: Аялайық гүлдерді

Мақсаты: Күн, су, ауа – адамзаттың ортақ үйі, табиғат сыйы, олардың тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту. Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Өнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.

Көрнекілігі: Табиғат суреттері, таспалар.

Сөздік: гүлдер-цветы, көктем-весна

Әрекеттердің Кезеңдері	Өн жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Үлкендерге сіз Кішілерге біз әдеппеннен бас иіп сәлембердік біз	Қимылмен орындады
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар көңіл күйлеріңіз қалай? Балалар мына суреттерден нелерді көріп тұрсыздар? Ия гүлдерді аялау керекпіз. Оларды күтіп бағу керек су құю керек. Топырақтарын ауыстыру керек. Үй гүлдері үйдің ауасын тазартады. Дала гүлдері ауаны тазартып тұрат, шаңдарды жұтып алады өзіне. Балалар гүлдердің қандай түрлерін білесіздер? Тыңдау: «Табиғатым» Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп –үлкен боп өседі	Жақсы Гүлдерді теректерді Қызғалдақ, раушан гүлі әуенді көңіл қойып тыңдадықимылмен көрсетеді
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар гүлдерді қалай күту керекпіз? Гүлдер сіздерге ұнайма?	Су құйып, Ұнайды

Күтілетін нәтиже:

Біледі: гүлдердің түрлерін

Игереді: гүлдерді қалай күту керектігін

Меңгереді: әуенге ілесе қимылдар көрсетуді

Тақырыбы: Шуақты көктем

Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру; ұнтаспадан музыка тыңдау, есту қабілеттерін арттыру; ұлттық би элементтерінің қарапайым түрлерін орындауға үйрету, вальс екпініндегі би қимылдарын үйретуді жалғастыру; музыкалық сүйемелдеумен жәнәсүйемелдеусіз сипатына сай ән салуға және ойындарға таныс би қимылдарын қолдана білуге үйрету.

Көрнекілігі: Көктем мезгілінің ерекшеліктерінің суреттері.

Сөздік: көктем-весна

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Көңілді әуенге секіріп жүгіріп, жануарлар қимылын салып жүру	Қызығушылықпен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Дұрыс балалар көктем мезгілі. Көктем мезгілінде қандай өзгешеліктер болады? Ия балалар күн ериді құстар жылы жақтан ұшып келеді. Сендер жылы киімдеріңізді шешіп жұқа киімдеріңізді киесіздер солайма. Малдар далаға шығат. Сосын балалар көктемде кімдердің мерамы болат? Ия балалар дұрыс ендеше балалар мамаларымыздың әжелерімізге арнап ән үйренейік. Ән айту: «Көктем» «Мерекеңмен, анашым» Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» «Гүлдермен би» «Балалар мен жаңбыр» ойыны. Балалар қазір біз жаңбыр ойынын ойнаймыз. Жауып тұрса тырсылдатамыз, қатты жауса топылдатамыз аяғымызбен.	Көктем мезгілі Қар ериді, күн жылнады жаңбыр жауады Ия Мамаларымыздың апаларымыздың, әжелеріміздің әуенге ілесе әнді айтады биді шартына сай әуенге ілесе биледі. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Балалар ойын ұнадыма сіздерге?	Ұнады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ән не туралы екенін

Игереді: ойынды шартына сай ойнауды

Меңгереді: аналар мерамына өз аналарына тойсын сый жасауды

Тақырыбы: Қуыршақ Айжанмен билейміз

Мақсаты: Музыкалық ойыншық аспаптардың (барабан, бубен, қоңырау) дыбыс шығаруын ажырата білуге; әннің мазмұнын түсініп, музыкалық сүйемелдеумен «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; бір-бірлеп би қимылдарын жасауға, әуен ырғағына, мәтініне сай ойыншықтар мен қуыршақтарды таныс би қимылдарын орындауға үйрету

Көрнекілігі: Қуыршақтар мен ойыншықтар

Сөздік: ойыншық-игрушка

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Көңілді әуен мен шеңбер бойымен жануарлар қимылдарын жасау.	Жақсы көңіл күймен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар қараңдаршы бізге қонаққа қуыршақ Айжан келіпті. Кәне амндасайық? Айжан сендермен би билеуге ән айтып үйренуге келіпті. Үйретемізбе балалар? Ендеше бәріміз шеңберге тұрайық. Ән айту: «Ойыншықтар» Ойыншықтар әні ұнадыма сіздерге? Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Марш» Бәріміз шеңберге тұрайық балалар салдаттар сияқты марш жасаймыз. әуенге ілесіп марш жасаймыз. Сергіту сәті: Фиксаки	Сәлем Ия Ия әуенге ілесіп марш қимылдарын жасады әуенге ілесіп би қимылдарын жасады
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Балалар бізге қонаққа кім келді? Сіздерге ұнадыма?	Қуыршақ Айжан Ұнады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді әуенге ілесе айтуды

Игереді: ойыншықпен би қимылдарын жасауды

Меңгереді: әуенге ілесіп би қимылдарын орындауды

Тақырыбы: Нұр төккен, гүл көктем

Мақсаты: Мезгілдер туралы түсіндіру. Көктем мезгілі туралы айту..Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.

Көрнекілігі: Көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.

Сөздік: гүл-цветы

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Үлкендерге сіз Кішілерге біз Әдеппеннен бас иіп Сәлем бердік біз	Қимылмен орындады
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде қандай өзгешеліктер болады? Бүгінгі оқу қызметіміз тақырыбымыз «Нұр төккен, гүл көктем» Балалар көктем айында гулдер қызғалдақтар шыға бастайды. Күннің көзі шығып күн жылынады күнің нұры төгіліп тұрады. Кәне балалар ән тыңдайық Ән тыңдау:«Көктем» әнде не туралы айтылған екен? Дұрыс балалар құстар, көктемнің өзгешеліктері туралы айтылған. Ән айту:Көктем келді Енді балалар ән үйренейік Қимылды би қозғалыстары «Фиксаки»	Көктем Құстар келеді гулдер шығады Балалар әнді көңіл қойып тыңдайды Көктем туралы құстар туралы әнді бәрі бірге үйренді
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар қандай әндер үйренніңдер? Көктем мезгілі сіздерге ұнайма?	Көктем келді ұнайды

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көктемгі өзгешеліктерді

Игереді: би қимылдарын әуенге ілесе билеуді

Меңгереді: гулдерді қалай күтуді

Тақырыбы: Ас атасы - нан

Мақсаты: Нанды қастерлеуге, ас атасы – нан екенін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екенін, нанның дастарханға қалай келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек ететінін түсіндіру. Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру.

Көрнекілігі: Тақырыпқа байланысты суреттер, СД – дискілер.

Сөздік: нан-хлеб

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Қайырлы күн балалар Қайырлы күн апайлар	Жақсы көңіл күймен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар мына суреттен нелерді көріп тұрсыздар? Ия нанды неден жасайды екенін білесіздерме. Бүгінгі оқу қызметіміз «Ас атасы - нан» Бидайдан жасайт бидайды тазалап терменнен өткізіп астық жасайды, астықтан нан пісіреміз. Нанның құнары көп сіздердің денсаулықтарыңызға. Нанды шашпау керексіздер аяқтарыңа баспаңдар. Нанның қиқымы жатса баспай торғайларға тастаңдар. Ән тыңдау: «Ақ бидай» Ән салу: «Бауырсақ» Би: «Жұптасу биі»	Нан бидай Көңіл қойып тыңдады әуенге қосылып әнді үйренді әуенге қосылып би қимылдарын жасады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар не туралы айттық? Нанды неден жасайды екен?	Нан туралы бидайдан

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бидайдан астық жасауды

Игереді: нанды неден жасайтынын

Меңгереді: әуенге ілесіп би қимылдарын орындауды

Тақырыбы: Айға ұшамын

Мақсаты: Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.

Көрнекілігі: Ғарышкерлер суреттері, аспаптар, таспалар.

Сөздік: ғарыш, аспан

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Көңілді әуенге секіріп жүгіріп, жануарлар қимылын салып жүру	Қызығушылықпен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар суреттен нелерді көріп тұрсыздар? Ия балалар адам яғни адам нестеп жүр? Балалар бірінші ғарышқа 2 ит ұшқан Лайка мен Стрилька 19 август 1960 ж. Сосын Юрий Гагарин Алексейвич әлем бойынша ұшқан 12 апрель 1961 ж. Сосын қазақтардан бірінші ұшқан Тоқтар Әубекеров. Ән тыңдау: «Айға ұшамын» Дауыс жаттығуы: «До–ре-ми» Ән айту: «Мен космонавт боламын» Балалар әнде не туралы айтылған екен? Ойын ойнап жіберейік «Ұшты-ұшты» Балалар мен сіздерге ұшты-ұшты дегенде не ұшатынын ұшпайтынын айтасыздар яғни қолдарыңды көтеріп.	Адам ұшқыш Аспанда ұшып жүр До-ре-ми Балалар әуенге қосылып айтты Аспанда ұшу туралы Қызығушылықпен ойнады
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Балалар бірінші ғарышқа кім ұшқан екен? Балалар ойын ұнадыма?	Ит Ия

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бірінші ғарышқа кім ұшқанын

Игереді: әуенге ілесе ән айтуды

Меңгереді: ойын кезінде қырағылық, сақтық, ұқыптылық дағдыларын.

Тақырыбы: «Табиғат-біздің үйіміз»

Мақсаты: Балаларға табиғат, тіршілік, коршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі: табиғат сбеинеленген суреттер, аңдар суреттері

Сөздік: табиғат-природа

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Сәлеметсіңдерме балалар! Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Ендеше бір-бірімізге деген жылы лебіздрімізді білдіріп таңғы шаттық шеңдерін жасайық. Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз	Сәлеметсізбе! Біз де қуаныштымыз Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар. Бір жерінде ыстық Бір жерінде суық Бір жерінде күн Бір жерінде түн Керемет алып неткен -Иә дұрыс айтасыңдар, міне мынау жер шары, пішіні қандай? Балалар біз қазір сіздермен «Жер шары» ойынын ойнаймыз. Ойын шарты бойынша мен қолымдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер? Нелер? мекедейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады. Мысалы: тәрбиеші «Жер шары» десе бала «адам» деп жылдам жауап беруі тиіс. Жарайсыңдар балалар! Адам, құстар, жануарлар, жәндіктер, аңдар, ағаштар, гүлдер, таулар. Бұның барлығын бір сөзбен айтқанда не деп айтамыз? Дұрыс айтасыңдар біз бүгін сіздермен осы табиғат ұғымымен тереңірек танысамыз. Ғажайып сәт: Табиғат аясындағы ақ қайың ағашынан келіп тұр екен. Хат Сәлеметсізбе, құрметті балалар! Мен ақ қайыңмын. Мен сендерге жазда жандарыңа сая болатын едім. Кәзіргі кезде менің қалым нашарлап бара жатыр маған адамдар көңіл бөліп қарамайды. Менің бұтақтарым сынып, сусыз қурап бара жатырмын. Мен сендерден сұрайтыным маған көмек беріңдерші. Сәлеммен Ақ қайың. алаларсыңдар ақ қайыңға көмектесемізбе? Ендеше Табиғат аясына саяхатқа шығып ақ қайыңға көмектесейік. Табиғат аясында жүргенде ережеледі айтып жүру.	Жер шары Дөңгелек Балалар ойынды ойнайды Табиғат

	Табиғат ананы ластамай тазалықты сақтай біліуіміз керек. Тағы қандай ережелерді білесіңдер? Тыныштық сәті: Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау. Балалар не естідіңдер? Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. Табиғат – бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер және су, орман мен жануарлар. Табиғат екіге бөлінеді. Ол тірі табиғат және өлі табиғат. Тірі табиғатқа: ағаш, шөп, гүл, адамдар, аңдар, құстар жатады, олар өседі, дем алады, көбейеді, денесінде жан бар. Өлі табиғатқа: су, тас, құм, ауа жатады, олар өспейді, дем алмайды денесінде жаны жоқ. Бірақ осы тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен. Оны мен саяхат барысында бақылап көреміз. Жерде аңдардың іздері жатады. Балалар бұл осы тірі табиғаттың бірі аңдардың іздері. Қараңдаршы табиғат аясында неше түрлі аңдар жүреді екен. -Балалар қараңдаршы сылдырап ағып жатқан не екен? -Дұрыс бұл су. -Ал судың қандай пайдасы бар? Су- балалар өлі табиғатқа жатады, ал біз адамдар суды ішеміз бізге пайдасы өте көп екен. Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен. Сергіту сәтті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі	Балалар хатты мұқият тыңдайды Балалар өздері білетін ережелерді айтады. Желдің үрлегенін, жаңбырдың жауғанын, құстардың мен жан-жануарлардың дыбыстарын естідік. Су Қимылмен орындайды
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар біз бүгін не туралы өттік?	Табиғат, ауа су туралы

Күтілетін нәтиже:

Біледі: табиғат туралы

Игереді: өлі табиғат, тірі табиғат туралы

Меңгереді: әуенді тыңдап айыра білуд

Тақырыбы: Ақ қанатты, көк қанатты көбелек.

Мақсаты: түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын түсіну, ойнаған аспаптарды тани, ажырата, көңіл күйді сезіне білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қиялын, көбелектер бейнесін еркін, жеңіл бере білуге, би элементтер түрін ойлап табуын қолдау. Көбелектерге, жәндіктерге қамқоршылықпен қарауға тәрбиелеу.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Жұмбақ: Үстіндегі көйлегі, Түрлі түсті не керек? Қызықтырар көргенді, Мұның аты .. (көбелек) Ән тыңдау. «Бұл қай кезде болады?» жаз. • Әнде қай жыл мезгілі айтылады? • Ән қалай орындалады? • Көбелектер жылдың қай мезгілінде болады? • Көбелек туралы не білесіңдер? • Қалай ойлайсыңдар: көбелектер көре ме? • Көбелек қалай тамақтанады? Ән айту. «Көбелек». Қызыл қанат көбелек, Жасыл қанат көбелек, Гүлден гүлге қонасың, Ұстатпайсың, не керек? *** Ақ қанатты көбелек, Көк қанатты көбелек, Қызыл қанат көбелек, Бақшамызға келе кет. Әуенді қимыл-қозғалыс. «Көбелектер биі». Музыкалық аспапта ойнау: «Жаз». «Еркем-ай» қазақтың халық әні. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Көбелектер туралы әңгімелеседі. Әнді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Әнді ережесі бойынша айтады. Сұрақтарға жауап береді. Әуенді қимыл-қозғалыстарды орындайды. Ойынды ойнайды. Дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Сабақты сұрақ-жауап әдісі арқылы қорытындылау.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын.

Игереді: ойнаған аспаптарды тани, ажырата, көңіл күйді сезіне білуді.

Меңгереді: көбелектер бейнесін еркін, жеңіл бере білуді.

Тақырыбы: Достық –біздің тірегіміз (халықтар достығы)

Мақсаты: Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге тарту.

Көрнекілігі: Ұлт өкілдер суреттері, аспаптар, таспалар.

Сөздік: достық-дружба

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Амансындарма балалар! Мен сіздермен кездескеніме қуаныштымын, енді барлығымыз мына өлең жолдарын бірігіп айтайық:	Достарыды біз қолдаймыз, Қиын шақта қорғаймыз, Біздің топта ұл қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз!
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар, Қазақстанда жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Мысалы: жергілікті ұлт-қазақ халқы және сонымен қатар орыс, корей, түрік, ұйғыр, т.б. Сондықан Қазақстан Республикасын көпұлтты мемлекет дейміз. Еліміздегі ұлттар мен ұлыстардың достығы мен бірлігі, татулығы мен ынтымағы өзге елдерге өнеге боларлықтай. Ән тыңдау: «Тату доспыз бәріміз»» «Қандай дауыс?» Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз, Бұрыламыз оңға бір, бұрыламыз солға бір. Гүл гүл жайнап жанамыз, Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз.	Зейін қойып тыңдайды Қызығушылықпен тыңдайды Өлең мазмұнына сай қимыл-қозғалыс жасалады:
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Сабактан алған әсерлерін сұраймын. Қорытындылаймын.	Айтады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: барлық ұлттар мен дос болуды

Игереді: әуен арқылы әр ұлттың татулығын

Меңгереді: әуенге ілесіп би қимылдарын орындауды

Тақырыбы: Отан қорғаушылар (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)

Мақсаты: Балаларды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу. Еліміз тәуелсіздікке қалай жеткендерін әңгімелеп беру. Ардагерлерімізді атау. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Жеңіс күніне арналған суреттер, таспалар.

Сөздік: жеңіс-победа

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Марш әуен мен шеңбер бойымен қадам басу	Жақсы көңіл күймен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар мына суреттен кімдерді көріп тұрсыздар? Балалар бұл салдаттар біздерді соғыстан қорғаған солдаттар. Бұл біздің Мәншук апамыз өз еркімен соғысқа барған елін жерін қорғау үшін. Соғыста фашисттермен шайқасқан сол соғыстан жан тапсырған. Бұл апамыз біздің мәңгі есімізде қалады. Ән тыңдау: «Сарбаздар сазы» Сергіту сәті: Қимылды би балақан. әуеге ілесіп қимыл мен билейміз. Ал енді мына суретте Алия апамыз бұл да Мәншук апамз сияқты соғысқа қатысқан. Елін жерін қорғау үшін. Бұл апамыздыда сағына еске алып отырамыз. Ән: «Ел қорғауға әзірміз» Балалар ән не туралы айтылған екен. Би: «Сарбаздар» Би ұнадыма сендерге би не туралы екен. Сіздерде ел қорғайтын үлкен азаматтар боласыңыздар. Сондықтан сіздер үлкен азамат болу керексіздер.	Салдаттарды Балалар көңіл қойып тыңдады әуенге ілесе би қиймылдарын жасады Отан туралы ел жер туралы Әуенге ілесе қимылдар жасады. Сарбаздар туралы
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Балалар біз не жөнінде өттік?	Отан қорғаушылар күні туралы

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді әуенге ілесе айтуды

Игереді: отан туралы түсінікті

Меңгереді: әуенге ілесіп би қимылдарын орындауды

Тақырыбы: Мен жасай аламын

Мақсаты: Балалармен бақыт туралы сұрақ – жауап арқылы әңгімелесу. Музыканы тыңдата отырып ырғағын ажырату. Әннің мағынасын сұрау. Ән салғанда дауыс ырғақтарын қадағалау
Көрнекілігі: Тақырыпқа байланысты суреттер. Таспалар
Сөздік: жаз-лето

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Үлкендергесіз Кішілерге біз әдеппеннен бас иіп сәлем бердік біз	Қимылмен жасайды
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар мына суреттен кімдерді нелерді көріп тұрсыздар? Ия балалар сіздерде осы балалар сияқты жасай аласыздар. Біздің бүгінгі оқу қызметіміз тақырыбы «Мен жасай аламын» Сіздер әкелеріңе мамаларыңа көмектесесіздер міне осының бәрін сіздер жасай аласыздар. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» «Бәсең және көтеріңкі» Сергіту сәтті: Тербеледі ағаштар Алдыңнан жел еседі Кіп-кішкентай балалар Үп үлкен боп өседі	Балалар жаттығу жасап жатыр. Терек егіп жатыр Зейін қойып тыңдайды әуенге қосылып айтады әнді ойынды шартына сай ойнауға тырысады қимылмен жасайды
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар бүгінгі оқу қызметіміз қандай еді?	Мен жасай аламын

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өздерінің бәрін жасай алатынын

Игереді: әнді әуенге ілесе айтуды

Меңгереді: бәрі бірге би қимылдарын жасауды

Тақырыбы: Жаз.

Мақсаты: түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын түсіну, ойнаған аспаптарды тани, ажырата, көңіл күйді сезіне білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қиялын, көбелектер бейнесін еркін, жеңіл бере білуге, би элементтер түрін ойлап табуын қолдау.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Жаз мезгілі, оның ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Қойның толы жеміске, Көк майсалы еңісте, Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Ән тыңдау. «Сарыжайлау». • Айнала жап-жасыл түске еніп, түрлі түсті гүлдер жайнап тұрған кез жылдың қай мезгілі? Бұл қай кезде болады? • Жаз несімен ұнайды? • Жазда ауа райы қандай болады? • Денсаулығымызды шыңдау үшін жазда қандай шаралар жасаймыз? Ән айту. «Мен жайлауға барамын». • Жайлау деген не? • Жайлауға не үшін барады? • Жайлаудан қай кезде қайтады? • Жайлауда кімдер тұрады? • Жайлаудың көрінісін суреттей аласыңдар ма? • Жаздың келбетін қандай түспен бейнелеуге болады? • Жайлауда қандай жануарлар болады, олардың төлдері қалай аталады? Әуенді қимыл-қозғалыс. Музыкалық-дидактикалық ойын. «Балапан мен мысық». Әліппе-дәптермен жұмыс.	Жаз туралы әңгімелеседі. Өленді жаттайды. Әнді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Әнді ережесі бойынша айтады. Сұрақтарға жауап береді. Әуенді қимыл-қозғалыстарды орындайды. Ойынды ойнайды. Дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Жалпы іс-әрекетке қысқаша қорытынды.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын.

Игереді: ойнаған аспаптарды тани, ажырата, көңіл күйді сезіне білуді.

Меңгереді: жаз мезгілі туралы өзгерістерді.

«Әлжан ана» бөбекжай балабақшасы

Музыкадан оқу қызмет жоспары

Ортаңғы «Балбөбек» тобы

Музыка жетекшісі: Табылдиев М

2021-2022 оқу жылы

2021 – 2022 оқу жылына арналған музыка ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары.

Ортаңғы «Балбөбек» тобы

Апта	Өтпелі тақырыбы	Апта тақырыбы	Білім беру саласы: «Шығармашылық»	Тақырыбы:	көрнекілігі	Сағат саны	Өтілетін күні
			Бөлімі: Музыка				
			Мақсаты:				
I	Қыркүйек «Менің балабақшам»	Менің балабақшам	музыкалық шығарманы тыңдау және эмоциясын ажырата білуге үйрету. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру.	Білім күні.	Балабақшадағы көріністер, суреттер.	1	
II		Менің достарым	музыка өнері туралы түсінік қалыптастыру, музыкалық өнер құпияларымен таныстыру, музыкалық мәдениет бастауын, рухани мәдениет қалыптастыру,	Музыка әлемінде.	Балабақша бейнеленген суреттер. Балабақшаның ішіндегі көрнекі құралдар.	2	
III		Менің сүйікті ойыншығым	Балаларға саздық аспаптардың ойналуын көрсетіп, үйрету.	«Ойыншықтар әні»	ойыншықтар	1	
IV		Жиһаздар	Қуыршақ ойыншықтары арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.	Біздің қуыршақ	Қуыршақтармен ойыншықтар, сылдырмақтар.	2	
I	Қазан айы «Менің отбасым»	Менің отбасым, ата – аналар еңбегі	Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету;	Ақ әжем	Отбасы мүшелерінің суреттері.	1	
II		Менің көмекшім	Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстарды ажыратуға баулу.	Сылдырмақтар әуені	Сылдырмақтар суреттері.	2	
III		Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Қазақстан Республикасының реміздері туралы түсінік қалыптастыру, гимн мазмұнын жете түсінуге мүмкіндік жасау.	Қазақстан – Республикам менің.	Тақырыпқа байланысты суреттер, CD – дискілер.	1	
IV		Өзім туралы	музыкалық шығарманың мазмұнын түсіну, музыкалық көркемдік құралдарды, музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету, кимылды динамикалық реңкке сәйкес орындауға талпындыру.	Бүгін қай күн?	Күз бейнесінің, жеміс – көкөністер суреттері	2	
I	Қараша айы «Дені саулық жаны сау»	Алтын күз	балалардың музыка жайында пікір, әсерін байыту.	Күз – жомарт.	Күз бейнесінің, жеміс – көкөністер суреттері	1	
II		Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын сезіне, ажырата білу.	Әдепті бол	Күз бейнесінің, жеміс – көкөністер суреттері	2	
III		Біз күштіміз, ептіміз.	Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын	Біз күштіміз, ептіміз	Тақырыпқа байланысты суреттер, CD – дискілер.	1	

			айыру.				
ІҮ		Өзіңе және өзгелерге көмектес	әуен сазынан қыс көріністерін естіп білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге үйрету.	Қыс келді.	Тақырыпқа байланысты суреттер, СД – дискілер.	2	
I	Желтоқсан айы «Менің қазақстаным»	Ғажайып қыс	музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсіне, ажырата білуге талпындыру	Қысқы ойын қызығы.		1	
II		Туған өлкем	Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету. Әнді сезіну арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге баулу.	Туған өлкем	Рәміздер, елбасы суреттері. Домбыра, таспа.	2	
III		Менің Қазақстаным	әннің орындалуын, музыкалық жанрды ажырата білу қабілетін дамыту.	Тәуелсіз Қазақстан.	СД-дискілер. Қимылды көріністер, кейіпкерлер.	1	
ІҮ		Қош келдің Жаңа жыл	Музыка сипаты арқылы табиғат ерекшеліктеріне көңіл бөлу, қыс мезгілі туралы түсіндіру;	Шыршамызға арнаймыз	Кішкентай шыршалар, үшбұрыш, металафон аспаптары, таяқша бекітілген жылтырақ әшекейлер, шыршалар	2	
I	Қаңтар айы «Қысқызығы»	Табиғат әлемі	Музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айту қабілеттерін жетілдіру;	Қысқы әуен	Қыс мезгілінің суреттері	1	
II		Жануарлар әлемі	Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;	Қоянда қонақта	Қояндар бейнеленген суреттер	2	
III		Құстар біздің досымыз.	Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу.	Торғайлар	құстар суреттері, торғай суреті немесе ойыншық торғай	1	
ІҮ		Ғажайып қыс	Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту.	Қыс қызығы	Қыс мезгілінің суреттері	2	
I	Ақпан айы «Бізді қошаған әлем»	Ғажайыптар әлемі	Аю туралы түсінік беру. Аюдың дыбыстарын салуды. Аюдың қыс мезгілінде ұйқыға кететін айтып түсіндіру.	Аю	Аюлар суреттері	1	
II		Көліктер	Көлік ойыншықтары туралы түсіндіру Ойыншықтардың зат екенін балаларға түсіндіру.	Көліктер	: Көлік түрлері суреттері слайт бойынша	2	
III		Электроника	Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру;	Кәне, қызық ойын бар	Түрлі ойын үлгілерінің суреттері	1	
ІҮ		Мамандықтың бәрі жақсы	Балалардан өсекендегі кім болғысы келетіндерін сұрап, қаржының еңбек	Мамандықтың бәрі жақсы	Мамандық бойынша суреттер, металафон,	2	

			арқылы келетінін айтып Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету ұғындыру.		үшбұрыш, маракасса аспаптары		
I	Наурыз «Табиғаттың гүлденуі»	Аялайық гүлдерді	Күн, су, ауа – адамзаттың ортақ үйі, табиғат сыйы, олардың тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту.	Аялайық гүлдерді	Табиғат суреттері, таспалар.	1	
II		Жылғалардан су ақты	дыбыс жоғарылығын, контрасты емес ырғақтық бейнелерді ажырата білуге үйрету	Көктем өрнегі.	Көктемдегі көріністер,	2	
III		Өнер көзі халықта	музыканың сезімдік мазмұнын сипаттай, ажырата, бейнелей білуге үйрету.	Тұсау кесу.		1	
IV		Нұр төккен гүл көктем	Мезгілдер туралы түсіндіру. Көктем мезгілі туралы айту. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.	Нұр төккен, гүл көктем	Көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.	2	
I	Сәуір айы «Жер - Ана»	Ас атасы нан	Нанды қастерлеуге, ас атасы – нан екенін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екенін, нанның дастарханға қалай келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек ететінін түсіндіру.	Ас атасы - нан	Тақырыпқа байланысты суреттер, CD – дискілер.	1	
II		Ғарышқа саяхат	Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту.	Айға ұшамын	Ғарышкерлер суреттері, аспаптар, таспалар.	2	
III		Көктемгі ағаштар	Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету.	Табиғат-біздің үйіміз	табиғат сбейнеленген суреттер, аңдар суреттері	1	
IV		Көктем жаршысы құстар	Көбелектер туралы түсінік беру.	«Әдемі көбелек»	көбелектер бейнеленген суреттер	2	
I	Мамыр айы «Әр қашан күн сөнбесін»	Бір шаңырақ астында	ән мазмұны арқылы мейірімділікке, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.	Ұлы достық жасасын!	Ұлт өкілдер суреттері, аспаптар, таспалар.	1	
II		Бейбітшілік қорғанында	таныс музыканы тани, жанрын ажырата, динамикалық өзгерістерді білу қабілеттерін дамыту.	Жеңіс күнін тойлаймыз.	Жеңіс күніне арналған суреттер, таспалар.	2	

«Әлжан ана» бөбекжай балабақшасы



Музыкадан күнтізбелік – тақырыптық жоспар

Ортаңғы «Балбөбек» тобы

Музыка жетекшісі: Табылдиев М

2021-2022 оқу жылы

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.

Тақырыбы: Білім күні.

Мақсаты: музыкалық шығарманы тыңдау және эмоциясын ажырата білуге үйрету. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. Зер салу, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Мектепке, оқуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын қалыптастыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері. Ән тыңдау. «Қазақстан». С. Мұхамеджанов. -Ән қалай аталады? - Қазақстан дегенді қалай түсінесіңдер? - Музыка қандай көңілді ме, көңілсіз бе? - Бүгін қай күн? - Білім күні дегенді қалай түсінесіңдер? - Оқушыға не қажет?	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді. Сұрақтарға жауап береді.
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Жұмбақ шешу: Қабат-қабат ақ тақыр, Беті тегіс жап-жалтыр. Қабат сайын тізілген, Қатар-қатар жол жатыр. Бұл не? Із қалдырып үнемі, Тұмсығымен жүреді? Бұл не? Бетін адам ашады, Білім нұрын шашады. Бұл не? Ойын: «Кім дұрыс және шапшаң жинайды?» Ән айту: «Мен бақшаға барамын». Т. Тайбеков. Ән орындамас бұрын алдымен дауысымызды бір қалыпқа келтіріп алуымыз керек. Ән бастар алдында денені тік ұстап, қолды тізеге қойып, дыбыстың дұрыс шығуына жағдай жасау қажет. Ән жеңіл, көңілді орындалады. Психологиялық жаттығу: шапалақтың соғуын қайтала. Музыкалық аспапта ойнау: Қоңырау. -Қоңырау – сілкіп ойнайтын, ұрмалы музыкалық аспап. - Қоңырау неден жасалады? Қоңыраудың үні қандай? - Қоңырау не үшін қажет? Әліппе-дәптермен жұмыс.	Жұмбақ шешуін табады. Ойынды шарты бойынша ойнайды. Әнді дұрыс айтуға тырысады. Әнді жеңіл әрі көңілді орындайды. Психологиялық жаттығу жасап демалады. Қоңырау туралы өз ойларымен бөліседі.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	-Бүгін қандай ән тыңдадық? - Ол әнді шығарған кім? - Қандай күн туралы әңгімеледік? - Қандай ән орындадық ? - Қандай музыкалық аспаппен таныстық?	Сұрақтарға жауап беріп, сабақты аяқтайды.

Біледі: музыкалық шығарманы тыңдап, эмоциясын ажырата.

Игереді: әннің сөзін анық, дұрыс айтуды.

Меңгереді:әнді бастамас бұрын дауысын бір қалыпқа келтіруді.

Тақырыбы: Музыка әлемінде.

Мақсаты: музыка өнері туралы түсінік қалыптастыру, музыкалық өнер құпияларымен таныстыру, музыкалық мәдениет бастауын, рухани мәдениет қалыптастыру, бала бойындағы табиғи музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Ақырын, баяу музыка ойнап тұрады. -Балалар, музыка дегенді қалай түсінесіңдер? - Дұрыс, музыка адамның көңіл күйін, сезімін баурап алатын ғажайып дыбыс.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Ән тыңдау. Балаларға танымал әндер. «Қайырлы таң» Е. Өміров. Сұрақтар қою: -Сендер бұл әнді білесіңдер ме? - Бұл ән не туралы? - Ән қандай? Көңілді ме, әлде мұңды ма? - Музыкалық дыбыстар қандай болады? - Қандай музыка түрлерін білесіңдер? - Музыканы жазатын адамды қалай атайды? - Әннің сөзін жазатын адамды қалай атайды? - Балалар, сендер санамақ білесіңдер ме? (1-7 ге дейін) Санамақтар сияқты музыкада 7 белгі бар, оны НОТА деп атайды. Скрипка кілті туралы мағлұмат беру. -Осы музыкалық кілт неше сызықшаның үстінде тұр? - Ал мына белгілер қалай аталады? - Олар нешеу? - До-Ре-Ми-Фа-Соль-Ля-Си. (қайталау) -Ноталар қалай орналасқан? - Ойын: Бірінші нота қандай? Үшінші нота қандай? Бесінші нота қандай? Соңғы нота қандай? Екінші нота қандай? Сергіту сәті: Міне қазір ән сабағы, Барлығымыз ән саламыз, Әнге сәйкес қол соғамыз. Ән айту: «ДО-РЕ-МИ». Ө. Байділдаев. Музыкалық аспапта ойнау. Әуенді қимыл-қозғалыс. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Әнді мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Ән, музыка туралы өз ойларымен бөліседі. Өздері білетін санамақтарын айтады. Нота туралы танып-біледі. Ноталарды қайталап хормен айтады. Ойынды ойнап, ноталарды естеріне сақтайды. Сергіту сәтін қимылмен орындайды. Ән айтып, музыкалық аспапта ойнайды. Қимыл-қозғалыс жасап, әліппе-дәптердегі тапсырманы орындайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	-Бүгін сабақта не үйрендіңдер? - Неше нота? - Музыка қалай белгіленеді?	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: музыка өнері туралы.

Игереді: музыкалық өнер құпияларын.

Меңгереді: музыкалық мәдениет бастауын, рухани мәдениетті.

Тақырыбы: «Ойыншықтар әні»

Мақсаты: Балаларға саздық аспаптардың ойналуын көрсетіп, үйрету. Соғып, ұрып, үріп ойналатын түрлерімен таныстыру
 Көрнекілігі: ойыншықтар
 Сөздік: ойыншық-игрушки

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Көңілді әуенге ілесе әр түрлі қимылдар жасайды.	Қимылмен жасайды
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар біздерге қонаққа кімдер келген екен қарайықшы? Ия балалар ойыншықтар келген сіздермен бірге ән айтуға би илеуге. Балалар сіздердің ойыншықтарың барма сүйікті? Кәне балалар бәріміз бірге «Ойыншықтар» әнін айтайық. Қимылды би: «Қуыршақ биі» Сергіту сәтті: Аю аю тұршы	Ойыншықтар Жауап беруге тырысады әуенге ілесе қимылмен орындайды Қызығушылықпен орындады Қимылмен орындайды
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Балалар кімдер туралы өттік?	әншілер туралы

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қуыршақ биін әуенге ілесе билеуді
 Игереді: ойыншықтарын ұқыпты ұстауды
 Меңгереді: әнді әуенге ілесе айтуды

Тақырыбы: Біздің қуыршақ

Мақсаты: Қуыршақ ойыншықтары арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуенсипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; ересектермен бірге ән салуға үйрету. Ойыншықтарды ұқыпты ұстауға, әдептілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қуыршақтармен ойыншықтар, сылдырмақтар.

Сөздік: қуыршақ – ку кла

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Қайырлы күн достарым Қайырлы күн апайлар	Балалар жақсы көңіл күймен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар қараңдаршы бізге қонаққа қуыршақ маша келіпті. Жуын, жуын, жуынсақ, Қандай жақсы, қуыршақ! Әйтпегенде, бөпешім, Кірлеп кеткен екенсің. Қазір аппақ боласың, Қуанады анашың. Музыка тыңдау. «Кір қуыршақ» Әннің мазмұнын, сипатын түсіндіру. Балалар бұл қуыршақ әнінде де, тазалық туралы айтылған сондықтан ойыншықтарыңды таза ұқыпты ұстауды үйреніңдер. Ойыншықтарыңызды жұмасына бір рет жуып тазалап тұрыңыздар сонда ойыншықтарыңыз таза болады өздеріңізде үйренесіздер. Ән айту: «Көңілді қуыршақтар» Балалар бірінші дауыссызды жаттақтырып алайық. До-ре-ми-фа Енді мен айтам сендер менімен қайталаңыздар бірінші сөзін жаттап аламыз сосын әуенге қосылып айтамыз. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көңілді қуыршақтар биі» Балалар асықпаймыз әуенге ілесе билейміз.	Балалар өлең жолдарын бірге қайталайды Қуыршақпен қызығушылықпен биледі До-ре-ми-фа
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар қандай ән айттық? Би ұнадыма сіздерге? жарайсыздар	Көңілді қуыршақтар Ұнады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді әуенге ілесе айтуды

Игереді: Әуен ырғағымен әнді айтуды

Менгереді: Әнді тыңдап, мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды.

Тақырыбы: Ақ әжем

Мақсаты: Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету; жұптаса отырып би қимылдарын орындауға, ұрмалы-шулы аспаптардың дыбысталуын ажыратуға және атауға үйрету. Әжелерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Отбасы мүшелерінің суреттері.

Сөздік: әже –бабаушка, ата-дедушка

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Жылулық шеңбері: Біз балдырған баламыз, Шырқап әнге саламыз	Қызығушылықпен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалр сендер үйде кімдермен тұрасыздар? Бүгінгі оқу қызметіміз «Ақ әжем» бізге қонаққа әже келді әженің бесігі бөпесі бар екен баланы бесікке бөлеуді көрсетеді. Бесікте жатқан баланың ұйқысы тыныш, жылы, жақсы ұйықтайды. Баланы бесікке ұйықтататын кезде бөлейді. әже бесікті көрсетеді. Қуыршақты бесікке жатқызады,жөргектермен орап,бөлейді. Жайлап тербетеді. Музыка тыңдау: «Әй-әй бөпем» Музыка ойналады, әже жайлап қосылып, бесікті тербетеді. Балалар бөпені оятып алмас үшін жай сөйлеулерін ескерте Балалар әже бізге баланы бесікке қалай, не үшін бөлейтінін айтып береді. Біз әжеге рахмет айтып, әже туралы ән үйренейік. Ән үйрену: «Ақ әжем» Балаларға алдымен мәтінін қайталап,әуенмен қосып үйретеді. Түгел шумақты үйренген соң, басынан бастап айтады. Әже құр қол келмей, өзімен бірге ойын ала келгенін айтады. «Сақина салу» ойыны Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Биге шақыру»	Папа, мама, әже ,ата апатайлар әженің әңгімесін мұқият тыңдайды әженің әнін тыңдайды бәрі бірге ән салды балалар кезектесіп бесікті тербетеді Балалар әже туралы әнді әуенмен таза айтуға тырысады.Балалар ойын кезінде ұқыпты отыруға тырысады
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Бізге қонаққа кім келді? Сендерге ойын ұнадыма?	әже ұнады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: қазақтың салт-дәстүрінің бірі –бесікке бөлеуді.

Игереді: бесікке бөлеу, бесік жыры деген түсініктерді.

Меңгереді: ойын кезінде қырағылық, сақтық, ұқыптылық дағдыларын.

Тақырыбы: Сылдырмақтар әуені

Мақсаты: Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстарды ажыратуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуімен бірге қосылып әнді орындау, сылдырмақта дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру.

Көрнекілігі: Сылдырмақтар суреттері.

Сөздік: сылдырмақ-погрумушка

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Көңілді таныс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасау.	Шаттық шеңберін орындайды
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Қолымызда сылдырмақ, Сылдыр-сылдыр етеді. Аяғымыз топылдап, Өзі билеп кетеді. Ән айту: «Сылдырмақ» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Аспаптың сүйемелдеуімен ән әуенін бірге қосыла орындауын қадағалау. Әннің 1-шумағының сөзін үйретіп, екі қатардан әнге қосады. Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдау, дыбыс биіктігін ажыратуға үйрету. Әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдайды. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Кішкентай би» Ырғақты сезіне, мәнерлі, өзара қол ұстасып, шеңбер бойымен жүруге үйрету. «Сылдырмақпен ойын» (Б. Дәлденбай). Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, қолдарына сылдырмақтар беріледі. Музыка ырғағына сай сылдырмақты сылдыратып, әуен дауысы бәсеңдегенде арттарына жасырып, шеңбер бойымен ақырын басып жүреді. Музыка аяқталғанда аяқ бүгіп отыра қалу.	Көңіл қойып тыңдайды әуенге ілесе қимыл жасайды ойынды қызығушылықпен ойнады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? – Ән қандай екен? Балалардың орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып, мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.	Жауап беруге тырысады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: сылдырмақтарды әуенге ілесе ойнауды

Игереді: Өлеңді жаттап алады

Меңгереді: сылдырмақтарды түстерін айырып айтуды

Тақырыбы: Қазақстан – Республикам менің.

Мақсаты: Қазақстан Республикасының реміздері туралы түсінік қалыптастыру, гимн мазмұнын жете түсінуге мүмкіндік жасау. ҚР мемлекеттік гимнін, нышандарын қастерлеу, мақтанышпен қабылдау, орындауға баулу. Тыңдаған, орындаған әндерді салыстыра, ажырата білуге жаттықтыру. Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Ән тыңдау. «Қазақстан Республикасының Гимні». Музыкасын жазған Шәмші Қалдаяқов. Сөзін жазғандар Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді, гимнді тұрып айтады.
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Ән айту. «Қазақстан жалауы». Д. Омаров. Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіру. Өткен сабақтағы әнді орындап, дауысты жаңа әнді орындауға төселдіру. Әнді жігерлі, жалынды орындау керектігін ескерту. Отанға деген сезімдерін ояту. Әуенді қимыл-қозғалыс. «Айгөлек» әніне би билеу. Ән арқылы дене мүшелерін би қимылдарына үйрету. Би қимылдарының өмірден, тұрмыстан алынатынын, әрбір қимылдың мән-мағына беретінін балаларға түсіндіру. Қимыл арқылы дене бітімінің әсем, сұлу болып өсетінін ұғындыру. Психологиялық жаттығу: «Мейірімділік». Балаларды мейірімділікке, достыққа, әдемілікке тәрбиелеу. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Әнді жетекшімен бірге айтады. Алдымен дауыстарын қалыпқа келтіріп алады. Айгөлек әніне би билейді. Денелерін қимыл-қозғалысқа келтіріп, сәл сергіп қалады. Психологиялық жаттығуды орындап бой жазады. Дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	• Сонымен бүгінгі сабақта еліміздің қандай ең басты әнімен таныстық? • Бүгінгі сабақта не үйрендіңдер? • Сабақ несімен ұнады? • Қандай би биледік? Балаларды мадақтау, сабақты түйіндеу.	Сұрақтарға жауап бере отырып, бүгінгі сабақ туралы білімдерін жинақтайды.

Біледі: Қазақстан Республикасының реміздері туралы.

Игереді: гимн мазмұнын жете түсініп, игереді.

Меңгереді: ҚР мемлекеттік гимнін, нышандарын қастерлеуді.

Тақырыбы: Бүгін қай күн?

Мақсаты: музыкалық шығарманың мазмұнын түсіну, музыкалық көркемдік құралдарды, музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету, қимылды динамикалық реңкке сәйкес орындауға талпындыру. Имандылық-инабаттылыққа тәрбиелеу.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Дүйсенбіде – басы ауырып жатты, Сейсенбіде – іші ауырды қатты, Сәрсенбіде – аяғы ақсады, Бейсенбіде – азу тісі қақсады. Жұма күні жөтел қысып, Сенбі күні тобығы тайыпты, Ал жексенбіде құлан таза айықты!... Сонда оның сырқатын, Қалай атау лайықты? «Кеше, бүгін, ертең, арғы күн» ұғымдарын меңгерту. Ән тыңдау. «Рондо-марш». Д. Кабалевский. -Бұл музыка қалай аталады? - Музыка қандай көңіл күйде жазылған? - Марш музыкасымен қандай қимыл жасауға болады? Ән айту. «Бүгін қай күн?». С. Мұхамеджанов. -Балалар, кім күн аттарын атап береді? - Жеті күнді қалай атаймыз? - Бүгінгі күнді келер күнді қалай деп атаймыз, одан кейінгі күнді ше? - Өткен күнді ше? - Ән қалай орындалды? - Сендерге қай күн көбірек ұнайды? Психологиялық жаттығу: Қимылды есте сақта. Жаңылтпаш ойын: «Ұшты-ұшты». Әуенді қимыл-қозғалыс. Музыкалық аспапта ойнау. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Өленді мәнерлеп айтады. Әнді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Әнді барлығы хормен айтады. Сұрақтарына жауап береді. Психологиялық жаттығуды орындап бойларын сергітеді. Әліппе-дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Қысқаша күн аттарын атап беріндер. Бүгінгі іс-әрекеттің қай кезеңі ұнады? Жақсы, беделді араласқан балаларды ерекше атап өту, мақтау.	Тапсырмалар мен сұрақтарға жауап береді.

Біледі: музыкалық көркемдік құралдарды, музыкалық жанрды ажырата біледі.

Игереді: қимылды динамикалық реңкке сәйкес орындауды.

Меңгереді: музыкалық шығарманың мазмұнын.

Тақырыбы: Күз – жомарт.

Мақсаты: балалардың музыка жайында пікір, әсерін байыту. Жоғары, төмен дыбыстарды ажырата білуін анықтау, үйрету. Әнді жеке, хормен айтуға жаттықтыру. Биді музыкаға сәйкес бастау, аяқтау, би элементтерін нақышына келтіре орындауға талпындыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Жиын-терін болатын, Қамбаға астық толатын Жеміс-жидек теретін, Бақтың бойын бойлайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Ән тыңдау. «Күз келгенде». - Табиғатта қай уақыттан жаз аяқталып, күз қашан басталады? - «Күз келгенде» әні қалай орындалды? - Таудағы күзден қаладағы күздің айырмашылығы қандай? - Күзгі жаңбырдан басқа тағы қандай жаңбыр жауады? - Жапырақ жаңбыры неліктен болады? Ән айту. «Күз - жомарт», «Күз ырғағы». - Күз адамдарға қандай сыйлық береді? Қамбаға астық құйылды, Жеміс-жидек жиылды, Білеміз бе, Жомарт күз ,сыйынды! Әуенді қимыл-қозғалыс. «Қосарланып билеу». Психологиялық жаттығу: «Қош келдіңіздер!» Музыкалық-дидактикалық ойын: Жұмбақ жасырып, күз сыйлығын сатып ал! Әліппе-дәптермен жұмыс.	Әнді жатқа айтады. Сұрақтарға жауап береді. Әндерді айтып шығады. Психологиялық жаттығуды, әуенді қимылдарды орындайды. Дәптердегі тапсырманы орындайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Күзді неге Жомарт күз деп атайды? Күз туралы қандай музыка тыңдап, ән үйрендік? Күз туралы қандай халық болжамдарын білесіңдер?	Күз жылы болса, қыс ұзақ болады. Қыркүйекте күн күркіресе, күз жылы болады.

Біледі: жоғары, төмен дыбыстарды ажыратады.

Игереді: әнді жеке, хормен айтуды.

Меңгереді: биді музыкаға сәйкес бастау, аяқтау, би элементтерін нақышына келтіре орындауды.

Тақырыбы: Әдепті бол

Мақсаты: музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын сезіне, ажырата білу. Әнді табиғи дауыспен, мәнерлі орындау шеберлігін дамыту. Басқа ұлттар билерін, қазіргі би ырғақтарын еркін билеуге дағдыландыру. Жол жүру ережесімен, бағдаршаммен таныстыру. Жол жүру ережесін сақтауға үйрету.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. -Ас алдында, астан соң не айту керек? - Балабақшаға, мектепке кеткелі жатқан кезде не айтасың? - Түнгі ұйқыға жатар алдында отбасы мүшелеріне не айтасың? -Таңертең тұрғанда қандай сөз айтар едің? - Көшеде кезіккен адамға не айтар едің? - автобуста, көлікте үлкен адамдар түрегеліп тұрса, не істер едің? - Балалар, «Сәлем-сөздің анасы», «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» дегенді қалай түсінесіңдер? Өзіңді тану Жақсы болу – өзіңнен, Жаман болу – өзіңнен. Өзіңді өзің ая да, Өзің үйрен өзіңнен. Ән тыңдау. «Үш көңіл күй». Ән айту. «Балдырғандар әні». «Той жыры». -Бұл әнде не туралы айтылады? - Ән қалай орындалады? - Ән неге «Балдырғандар әні» деп аталады? - Елін сүйген, ержүрек, құрметтеуге тұрарлық адам болып өсу үшін не істеу керек? - «Той жыры» әнінде не туралы айтылады? - Ән қалай орындалады? - Осы әннен қандай әсер алдыңдар, не үйрендіңдер? Әуенді қимыл-қозғалыс. «Сәлемдесу-қоштасу» Әліппе-дәптермен жұмыс.	Әңгімені әдептілік туралы сөздерден бастайды. Әдептіліктің сөздерін бір-бірімен бөліседі. Өлеңді мәнерлеп, хормен қайталап айтады. Әнді тыңдап, айтады. Әнді ережесі бойынша айтып шығады. Сұрақтарға жауап береді. Қимыл-қозғалыстар жасап, дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	*Балалар, адамның әдемілігін неден байқауға болады? *Үлкендерге сәлем беру инабаттылық, адамгершілік белгісі.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: музыкалық дыбыстардың жоғарылығы мен ұзақтығын сезініп, ажыратуды.

Игереді: әнді табиғи дауыспен, мәнерлі орындау шеберлігін.

Меңгереді: басқа ұлттар билерін, қазіргі би ырғақтарын еркін билеуді.

Тақырыбы: Біз күштіміз, ептіміз

Мақсаты: Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру.

Көрнекілігі: Тақырыпқа байланысты суреттер, СД – дискілер.

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Жетекші балаларды «Елім менің» әнімен кіргізеді. Амандасады. Зал бойымен қатарласа жүріп, қолдарына екі жалаушадан алып үш қатарға тұрып, жетекшінің көрсетуімен кішкентай, үлкен шеңбер жасап үйренеді.	Балалар әуен ырғағымен нық басып, жүруге талпынады. Тізелерін көтере, қимылдарды орындайды. Балалар жалаушаларды жинап орындарына отырады.
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар бүгінгі оқу іс әрекетіміз «Біз күштіміз, ептіміз». Балалар сендер барің күштісіздер тіл алғыш балаларсыздарго. Ән тыңдау: «Ақ бидай» Әннің мазмұны мен сипаты туралы әңгімелейді. «Отаныңды жақсы көресің бе?», деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсініктерін кеңейту. Елтаңба мен Ту туралы өлеңдер оқуын сұрайды. -«Қазақстан жалауы» әнінің ырғағын ажыратайық. - Бұл әнде жоғары дыбыстар ма? -Қысқа және ұзақ дыбыстар ше? -Паровоз ұзақ гуілдейді және қысқа дыбыс береді. Әнде де солай қысқа, ұзақ дыбыстар бар, деп түсіндіреді. Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ». Ән орындау кезіндегі ережелерді қайталау. Ән үйрену: «Біз ептіміз» әнін орындап ән сипатын ажыратуды, мазмұнын сұрайды. Ән ырғағын шапалақпен көрсетуді сұрайды. Әнді ашық, жарқын айтуға машықтандырады. -Енді балалар қозғалайық би билейік, Би билеу: «Бәліш пісірейік» биін балаларға үйретеді. Дид. ойын: «Сырнай мен даңғыра». Балалардың жоғары, төменгі дыбыстарды есту қабілетін дамытуға арналған.	Әнді ықыласпен тыңдап, әсерленеді. Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекеттенеді. Балалар өлең жолдарын айтады. -Ән көңілді, әдемі.- Ән ырғағын шапалақпен көрсетіп, әуеннен қалыспауға, сөздерін есте сақтауға үйренеді. Балалар биді қызығушылық таныта билейді. Ойын шартын түсініп, дыбыстарды естуге талпынады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	- Балалар, сендер қандай әуендер тыңдадыңдар? Балаларға сұрақтар қойып, оқу іс-әректің бекітеді, белсенді қатысқан балаларды мадақтау.	Қойылған сұрақтарға жауап бере отырып көтеріңкі көңілмен қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді тыңдап, ұзақ, қысқа дыбыстарды ажыратуды

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды, ырғақты сезінуді.

Менгереді: Әуен ырғағымен аттың шабысын, шабандоздың қимылын жасауды.

Тақырыбы: Қыс келді.

Мақсаты: әуен сазынан қыс көріністерін естіп білуге, оны қимыл-қозғалыспен бейнелей білуге үйрету. Көңілді әнді әсерлі етіп айтуға дағдыландыру. Музыка үнімен жануарлардың, аңдардың қимыл-қозғалыстарын көрсетуге төселдіру. Әннің ырғағын сақтап, еркін орындауға баулу. Балалардың байқампаздық қабілеттерін дамыту.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Ән тыңдау: «Бұл қай кезде болады?». «Қыс». «Қыс қызығы». - Қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс несімен ұнайды? - Қыста қандай мерекені тойлаймыз? - Тыңдаған музыка қалай орындалды? Ән айту: «Ақша қар». Жұмбақ: Аппақ-аппақ көбелек, Жерге қонар себелеп. Ақ жұлдызша жылтылдап, Ұстатпайды не керек. Бұл не? - Қыста көбелек бола ма? - Онда көбелек деп нені айтады? Қармен тәжірибе көрсету. Жұмбақ: Жалт-жұлт етеді, Ұстасаң еріп кетеді. - Қыс мезгілінде қандай түс басым келеді? - Қыста айналаны не басады? - Жер қандай көрпе жамылады? - Ақша қар деген не? - Ақша қар қандай болады? Ән айтар алдында ережені есте сақтап, дыбысты таза айтуды үйрету. Ән орташа екпінде, жеңіл, көңілді орындалады. Әуенді қимыл-қозғалыс. «Өз түсінді тап». «Ұлпақарлар биі». 1.Биді түсті таспалармен орындайды. Қолдарына жылтырақ қағаз ұстайды. 2.Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып, тұрған орындарында айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Әндерді зейін қойып тыңдайды. Мазмұнына мән береді. Сұрақтарға жауап береді. Әнді барлығы айтады. Жұмбақтың шешуін табады. Сұраққа жауап береді. Жұмақты шешеді. Сұраққа жауап береді. Ән айтудың ережесін ұстанып, орындайды. Қимыл-қозғалысты әуенмен орындайды. Ережелерді сақтайды. Дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	-Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады. -Қыста терезе терлесе, аяз болады. -Мысық жылы жерді паналаса, аяз болады.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: әуен сазынан қыс көріністерін естуді, оны қимыл-қозғалыспен бейнелеуді.

Игереді: көңілді әнді әсерлі етіп айтуды.

Меңгереді: музыка үнімен жануарлардың, аңдардың қимыл-қозғалыстарын көрсетуді.

Тақырыбы: Қысқы ойын қызығы.

Мақсаты: музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсіне, ажырата білуге талпындыру. Әннің ырғағын сақтап, қозғалыстарын бере білуге үйрету.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ, тістеп алады. Ол не? Қыс туралы такпақтар оқып беру. Ән тыңдау. «Бұл қай кезде болады?». «Қыс». -Айнала аппақ қар, балалар қардан аққала жасаймыз, шанамен мұзда сырғанақ тебеміз, аяғымызға шаңғы байлап сырғанаймыз – мұның бәрі қай кезде болады? - Қыс қандай ерекшеліктерімен ұнайды? Ән айту. «Как на тоненький ледок». Орыстың халық әні. Ән айтар алдында дауысты ретке келтіру жаттығуларын орындау. -Өткен сабақта «Қыс» туралы қандай әнде тыңдадық? - Әнде қандай құбыстар бейнеленген? - Ойнайтын қандай музыкалық құралдарды білесіңдер? - Ән қандай көңіл күйде жазылған? - Ән қалай шырқалады? - Қандай қысқы ойын түрлерін білесіңдер? - Қысқы ойын туралы қандай жұмбақ білесіңдер? Жұмбақ: Жаздай тынығады, Қыста зымырайды. (Шана) Ақ қарда мен тұрмадым, Қос тақтаймен зырладым. (Шаңғы) Көлге жапқан қақпақ, Сіресіп тұр, Қатты-ақ. бұл не? Әуенді қимыл-қозғалыс. Қазіргі би ырғағы. Музыкалық аспапта ойнау. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Жұмбақты шешеді. Әнді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларымен бөліседі. Әнді барлығы хормен айтады. Ән айту ережелерін ұстанады. Сұрақтарға жауап береді. Жұмбақтарды шешеді. Қимылдарды мұқият орындайды. Дәптермен жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Сабақтың мазмұны бойынша сұрақ-жауап әдісін ұйымдастыру.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін.

Игереді: әннің ырғағын сақтап, қозғалыстарын бере білуді.

Менгереді: музыка ырғағына қосылып, анық, нық би қимылдарын жасауды.

Тақырыбы: Туған өлкем

Мақсаты: Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін қалыптастыру. Қазақстанның Республикасының ең алғашқы Елбасы туралы түсінік беру. Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету. Әнді сезіну арқылы Отанды сүйуге, қастерлеуге баулу.

Көрнекілігі: Рәміздер, елбасы суреттері. Домбыра, таспа.

Сөздік: туған жер-радная родина

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	«Марш» Әуенін ойнатып, балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсынады. Бір, екі, үш! Бойға жинап күш. Шынығамыз таңертең, Ағалардай Отанға Ұлан болам мен ертең! Тізені жоғары көтере нық басып, арқаларын түзу ұстауларын қадағалайды.	Балалар әуен ырғағымен нық басып, жүруге талпынады. Тізелерін көтере, өлең жолдарын қосыла айтады.
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балаларға түрлі – түсті жалаушалар береді. «Жалаушаменби». (Е. Брусиловский) орындалып би қимылдарын көрсетеді. Жалаушаны бірдей қозғауларын бақылайды. «Марш» қайта ойналып: Маршпен адымдап жүреміз, Ержетіп өсіп келеміз! – деп орындарына отыруларын сұрайды. Қалалардың еліміздің, сұлу табиғатын бейнелейтін Суреттерді көрсетеді. Балаларды суретке қарап әңгімелеуге, ойларын толық жеткізуге дағдыландырады. Балалардан Отан, туған жер туралы тақпақтарын сұрайды. Ән тыңдау: «Менің Қазақстаным» Әннің мазмұнын мен сипаты туралы әңгімелейді. «Отаныңды жақсы көресің бе?», деген сұрақтар қою арқылы балалардың Отан туралы түсініктерін кеңейту. Дауыс жаттығуы: «Алтын күн». Ән орындау кезіндегі ережелерді қайталау. Ән үйрену: Ән үйрену: «Менің Отаным» әнін орындап ән сипатын ажыратуды, мазмұнын сұрайды. Ән ырғағын шапалақпен көрсетуді сұрайды. Әнді ашық, жарқын айтуға машықтандырады. Қимылды ойын: «Тақия тастамақ» Ойым бар бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ, – деп балаларға ойынның шартын түсіндіреді. Ойын баланың ұқыптылығын, икемділігін дамытуға арналған	Жалаушаларды ұстап қатарларға тұрады. Көрсетілген қимылдарды қайталайды. Балалар өлең жолдарын айтады. Әнді ықыласпен тыңдап, әсерленеді. Ән мазмұнын әңгімелеп беруге әрекеттенеді. Туған жерге деген сүйіспеншілігін жеткізуге тырысады. – Ән көңілді, әдемі. – Ән ырғағын шапалақпен көрсетіп, әуеннен қалыспауға, сөздерін есте сақтауға үйренеді. Тез жүгіріп, ойында жеңімпаз болуға талпынады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	– Балаларға шеңбер бойымен жайғасып отыруды ұсынады. – Біз қай елде тұрамыз? – Қай қалада тұрасыңдар? Балаларға сұрақтар қойып, оқу іс-әректің бекітеді.	Қойылған сұрақтарға жауап бере отырып көтеріңкі көңілмен қоштасып шығады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Шығарманы сезіне тыңдап, әнді табиғи дауыспен орындай біледі.

Игереді: Әуен ырғағымен жалаушаларды ұстап билеуді әнді әуенмен айтуды.
Менгереді: Әнді тыңдап, мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды.

Тақырыбы: Тәуелсіз Қазақстан.

Мақсаты: әннің орындалуын, музыкалық жанрды ажырата білу қабілетін дамыту. Әуенді қимыл-қозғалыста музыканың басталуын, аяқталуын ести және анықтай білуге дағдыландыру. Тәуелсіз Қазақстан туралы түсініктерін дамыту, бекіту. Тәуелсіз елін, жерін мақтан тұтуға, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін қазақ жастары 1986 жылы 16 желтоқсанда көтеріліске шықты. Ән тыңдау. «Желтоқсан желі». Ән ызғарлы, қайғылы, көңілсіз. Суық жел дененді тоңдырып жіберетіндей. • Әнді тыңдағанда қандай әсерде болдыңдар? • Ән қандай көңіл күйде орындалды? • Желтоқсан оқиғасы туралы не білесіңдер? • Алматыда Тәуелсіздік монументі қай жерде орналасқан? Көргендерің бар ма? Ән айту. «Тәуелсіз Қазақстан». Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, дауысты қалыпты жағдайға келтіру. • Ән не туралы? • Әнді тыңдағанда қандай көңіл күйде болдыңдар? Ән марш екпінінде орындалған. Әнді орындау барысында Отанға, туған елге деген мақтаныш, жігер, қайрат сезімі туындайды. Әуенді қимыл-қозғалыс. «Батырлар биі». Биді көбіне ер балалар орындайды. Қалқанмен, қамшымен түрлі қимылдар жасайды. Қалқанмен қорғанып, ат шабысын бейнелеп, би элементтерін жасау. Әліппе-дәптермен жұмыс.	Қазақстан туралы әңгімелеседі. Әнді тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларымен бөліседі. Әнді барлығы хормен айтады. Ән айту ережелерін ұстанады. Сұрақтарға жауап береді. Қимылдарды мұқият орындайды. Дәптермен жұмыс жүргізеді.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	*Тәуелсіздік, Тәуелсіз Қазақстан туралы не түсіндіңдер? *Тәуелсіздік туралы қандай іс-әрекет жасадық? *Тәуелсіздіктің арқасында ана тілімізді сақтап қалдық. *Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?	Сұрақтарға жауап береді. Сабақты қорытындылайды.

Біледі: Тәуелсіз Қазақстан туралы.

Игереді: әннің орындалуын, музыкалық жанрды ажырата білуді.

Менгереді: әуенді қимыл-қозғалыста музыканың басталуын, аяқталуын ести және анықтай білуді.

Тақырыбы: Шыршамызға арнаймыз

Мақсаты: Музыка сипаты арқылы табиғат ерекшеліктеріне көңіл бөлу, қыс мезгілі туралы түсіндіру; ересектердің орындауындағы әнді тыңдап, сезіне білуге үйрету; аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; вальс әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; музыкаға қызығушылығын ояту

Көрнекілігі: Кішкентай шыршалар, үшбұрыш, металафон аспаптары, таяқша бекітілген жылтырақ әшекейлер, шыршалар

Сөздік: шырша -елка

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Қаршақызбен топторды аралап, мерекеге шақырады. «Арша» әнімен балалар қолдарында түрлі – түсті әшекейлер жылтырақтар ұстап шеңбер болып шырша айналып билейді.	Балалар жақсы көңіл күймен қатысады
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Қаршақыз келіндер, келіндер! Ертегіге өлең айтып, би билеп, сыйлық алып көріңдер. -Кәнекей, балалар, шыршамыздың шамдары жана ма екен, сұрап көрейік. Қаршақыз: шырша, шырша, жана ғой, шамдарыңды жаға ғой! Балалардың шапалақты қатты соғуларын сұрайды. Бір,екі,үш әсем шырша, жана ғой. Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» Қ. Шілдебаев. Ән айту: «Арша» Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Жаңа жыл» «Ақшақарлар» биі Ойнаймыз, ойнаймыз. Ойынға, біз тоймаймыз! Ойын-жарыс: «Аққаланы кім жылдам киіндіреді» Балалар мына аққаланың киімін жылдам кейіндіру керексіздер. Сергіту сәті: Көңілді күн.	Көңілді ән ырғағымен балалар шыршаны айналып жүреді. Қаршақызға қарап қуаныш сезімдері оянады. Балалар бәрі бірге шырша айналып ән айтады Ойнаймыз, ойнаймыз. Ойынға, біз тоймаймыз! Ойын-жарыс: «Аққаланы кім жылдам киіндіреді»
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Балалар бізге қонаққа кім келді? Жарайсыздар балалар мадақтау.	Қаршақыз

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка ырғағы арқылы әуені ажыратуды.

Игереді: музыка ырғағы арқылы ленталарды ұстауды

Менгереді: еркінділікке қойылған билерді еркін орындауды.

Тақырыбы: Қысқы әуен

Мақсаты: Музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айту қабілеттерін жетілдіру; әнді тыңдап, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету; балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау

Көрнекілігі: Қыс мезгілінің суреттері

Сөздік: қыс-зима, ойыншық-игрушка

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Балаларды көңілді әнмен қарсы алу, амандасу. Кішкентай шыршаның әшекейлерін көруге шақыру.	Балалар кішкене шыршаға тамсана қарайды.
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Міне сұлу шыршамыз Қуанамыз баршамыз Әсем –сұлу жұлдызша Жарқырайды құлпыра Ойыншықтар әртүрлі Ілініпті қараса-деп, шыршаның әдемі безендірілгенін көруге шақыру. Балалар шыршаны біздер қай мезгілде құрамыз? Кәне балалар, бәріміз ән тыңдайық. Музыка тыңдау«Қыс» Балалардың зейінін ойыншық қояндар мен түлкіге аудару олар шырша түбінде отырады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Полька» Кәне балалар бәріміз шеңбер болып тұрайық. Сергіту сәтті: Фиксаки	Балалар шырша басына карап қуанады. Жаңа жыл болғанда Балалар әнді тыңдайды Балалар шырша түбінде отырған қоян мен түлкіге қарайды Музыкасын тыңдап ойнауға тырысады, қимылдарын ілесе жасайды. Балалар ұйымшылдықпен қимылмен жасайды
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Балалар сендерге ойын ұнадыма? Қандай ән айттық?	Ұнады Аяз ата

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка тыңдауды, кейіпкерлердің қимыл -әрекетіне мұқият болуды.

Игереді: кейіпкерлердің эмоцияларын қабылдауды.

Менгереді: аңдар жүрісін, секіруін, дұрыс сөйлеуін.

Тақырыбы: Қоянда қонақта

Мақсаты: Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу.

Көрнекілігі: Қояндар бейнеленген суреттер

Сөздік: қоян-зайц

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Балаларды көңілді қарсы алу. Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық, – деп, «вагондарға» – тізбектелген орындықтарға жайғасып отыру.	Балалар қимылмен орындады
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Ал паровоз бастайды, Пыш-пыш, пух- пух, Ән айтып біз қостайық. Әуен аяқталысымен балалар «көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Ойыншық қоянды көріп, таңғалған кейіп танытады. Балалар, қарандаршы, мынау тығылып отырған аңды танысыңдар ма? Ақ қоян-ау, ақ қоян, Ұзын құлақ сақ қоян, Ақ қоян-ау, ақ қоян, Жүйрік қоян, сақ қоян. Балалар, ақ қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, деп ұсыныс айтады. Ән тыңдау : «Қояндар»» Ән айту: «Ақ қоян» әнін (Б. Аманжол, Н. Жанаев) «Қояндар мен аю» ойыны	Жақсы көңіл күймен қатысады Көңіл қойып тыңдайды Ойынға қызығушылықпен қатысады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар сіздерге ойын ұнадыма?	Ұнады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: поезд болып бір-бірінің артынан жүруді

Игереді: әуенге ілесе қоянның қимылын салуды

Меңгереді: ойынды шартына сай ойнауды

Тақырыбы: Торғайлар

Мақсаты: Балаларға күз мезгіліндегі құстардың іс-әрекеті туралы түсінік беру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу. Аспаптың сүйемелдеуіндегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі: құстар суреттері, торғай суреті немесе ойыншық торғай

Сөздік: құс-птица, торғай – воробей

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Таныс марш әуені ойналып, балаларға ырғақпен нық басып жүруді ұсынады. Нық басып келеміз! Бір, екі, үш! Көңілді жүреміз! Бір, екі, үш!	Балалар әуенге ілесе шеңбер бойымен жүреді,
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар, мұнда келіндер, Қызықты көріңдер! Торғай ұшып келіпті, Үй үстіне қоныпты. (Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі). Шик-шиқ етіп дыбыстайды, Ешбір құстан қалыспайды. Тұмсығымен жер шоқып, Тары, бидай тереді. ән тыңдау: «Торғай» Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды. Ән айту: «Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қолшатырлар биін» қайталау, әуенге ілесе жапырақтарды жоғары көтере тербеле қозғалуын, еске сақтауға үйрету. «Мысық пен торғайлар» ойыны («Құстар» Л. Банников) әуенінің ырғағымен ілесе қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықты көрсетіп: Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықтайды, Торғайды аңдып шатырдан күні бойы шықпайды. Мияу-мияу... – деп балаларды – «торғайларды» сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып, «сымдарға» – ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.	Қызығушылықпен тыңдайды
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балаларға бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, мадақтайды.	Көңіл күйлері жақсы

Күтілетін нәтиже:

Біледі: торғайлар туралы түсінікті

Игереді: әнді әуенге ілесе қимыл жасауды

Менгереді: торғайларға ұя салуды

Тақырыбы: Қыс қызығы

Мақсаты: Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: Қыс мезгілінің суреттері

Сөздік: жаңа жыл

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	«Полька» (Б. Сметана) әуені ойналып, балаларды көңілді қарсы алу. Балалар әуеннің 1-бөлімінде шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді, 2-бөлімінде жұптасып, таныс би қимылдарын қайталау, қол ұстасып айналу, би қимылдарын бекіту.	Балалар әуенге ілесе қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыста ауа райы қандай болады? Шырша, жаңа жыл мерекесін бейнелейтін көрнекілік суреттерді көрсетіп, әңгімелеу. Музыка тыңдау: «Шырша» (Ж. Мұхамеджанов) Әннің мазмұнын түсініп, әңгімелеп беруге үйрету. Шығарманың көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытады. Сақалы аппақ күмістей, Тістері аппақ күріштей. Қызыл ала шапаны, Сағындық Аязатаны! Ән айту: «Қыс» Әнді орындап, мәтініне балалардың көңілін бөлу. Ән екінші рет орындалғанда әннің мазмұнына сәйкес би қимылдарын үйрету, ересектермен бірге қосыла. Әннің әуеніне қосылып, сөздерін таза айтуға үйрету. Ән айту ережелерін еске салу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Фиксаки» Педагогтің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарапайым элементтерін үйретуді жалғастыру. «Қар лақтыру» ойыны. Көңілді әуен ойналғанда шапшаңдықпен қар лақтырысу, әуен тоқтағанда шапшаңдықпен қарларды жинау, безендірілген қорапшаларға салу.	Қыс Салқын аяз қар жауады Балалар «шырша» әнін тыңдайды әнді музыка жетекшімен бірге айтад Қызығушылықпен билейді Ойынды жақсы көңіл күймен ойнайды.
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Бүгін қандай ән тыңдадыңдар? Орындаған ән-би әрекеттері туралы айтып мадақтау. Қоштасып, көңілді шығарып салу.	Балалар жауап беруге тырысады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасайды; музыканың мазмұны мен көңіл күйін

Меңгереді: аспаптың сүйемелдеуімен таныс әндерді айтады.

Игереді:

Тақырыбы: Аю

Мақсаты: Аю туралы түсінік беру. Аюдың дыбыстарын салуды.

Аюдың қыс мезгілінде ұйқыға кететін айтып түсіндіру.

Көрнекілігі: Аюлар суреттері

Сөздік: аю-медвед

Әрекеттердің кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушылық-оятаушылық	Ұнтаспада көңілді ән орындалып, балалар залға көтеріңкі көңіл күймен кіреді. Балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. Қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды.	Балалар жақсы көңіл күймен орындайды
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Балалар сіздерге қонаққа кім келіп тұр қарандаршы? Аю қайда өмір сүреді екен? Балалар бүгінгі оқу қызметіміз тақырыбы «Аю» ендеше балалар аю немен қоректенеді? Балалар аюлар қыста ұйықтайды да, жазда оянады. Аюлардың түрлеріде болады қоңыр аю Жәнеде ақ аю болып. Қоңыр аюлар ұйықтайды қыс мезгілінде ал ақ аюлар қыста жүреді олар мұз үстінде жүреді. Ән тындау: «Аю дыбыстарын» Ненің дыбысы екен? Сергіту сәтті: Қорбаңдаған аюдың құлпынайы көп екен Теріп-теріп алайық Қалтамызға салайық	Аю Орманда Бал жиді Аюлардың Қимылмен көрсетіп жасайды
Рефлексстік-түзету (коррекциялық)	Балалар бізге қонаққа кім келді?	Аю

Күтілетін нәтиже:

Біледі: аюдың дыбысын айыруды

Игереді: аю секілді қорбаңдауды

Меңгереді: әуенге ілесе аюдың қимылын салуды

Тақырыбы: Көліктер

Мақсаты: Көлік ойыншықтары туралы түсіндіру Ойыншықтардың зат екенін балаларға түсіндіру.

Көрнекілігі: Көлік түрлері суреттері слайт бойынша

Сөздік: машина, трактор

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятаушылық	Шаттық шеңбері: Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз. Бәріне де ізетпен, Иліп сәлем береміз.	Балалар шаттық шеңберіне тұрып амандасады.
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар жаңа шаттық шеңберінде не туралы айтылған ән? Балалар мына суретке қарайықшы қандай көлік түрлері бар екен. Көлік түрлері әңгімесін жалғастырып, оның пайдалы жағын, адамның еңбегі жеңілдетеді, алысты жақындатады. Зиянды жағы: көліктерден бөлініп шығатын зиянды газдармен түтіндер қоршаған ортаның ауасын ластайды, адам ағзасына кері әсерін тигізетінін айту. Осыған орай өсімдіктер ағаштар, гүлдер ауаны тазартатынын, яғни улы заттарын бойына тартып алатынын. Бірінші адамдар велосипедпен жүрген онымен газет тасыған баратын жерлеріне велосипедпен барған. Ертеде адамдар көлік ретінде үй жануарларын пайдаланған. Оларға арба жегіп жүк тасыды. Адамдар атшанамен жүрді. Кейіннен тек көлік түрлері шықты. Балалар мына суреттен нені көріп тұрсыздар? Ия балалар бағдаршам бағдаршамның қай көзі жанғанда біздер жаяу жүргіншілер жолымен өтеміз? Кәне балалар көрсетіп жіберейік. Бағдаршам жанғанда көлік тоқтайтынын адам өтетінін. Дұрыс балалар жасыл түс жанғанда адамдар жүреді. Қызыл түсте машина тоқтайт, сары түсте дайындалат, жасыл түсте жүрет. Ән тыңдау: «Көліктер дауысы» Музыкалық –қимылды қозғалыс: «Фиксики» Ойын: «Ұшады, жүреді, жүзеді» Шарты: Көліктің түрлері туралы айтылады. Жүретін көлік болса, қолдарымен дөңгелетіп айналдырады, әуе көлігі болса, қолдарын жоғары көтереді, су көлігі болса, қолдарын үшбұрыштап, көрсетеді.	Көлік туралы Балалар көңіл қойып тыңда әуенді зейін қойып тыңдады бағдаршам Жасыл әуенге ілесе қимыл жасады Ойынға қызығушылықпен қатысады Қызығушылықпен ойнайды
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар бүгін не туралы әңгімеледі? Ойын ұнадыма?	Көлік түрлері туралы. Ия

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін жасайды;

Игереді: музыканың мазмұны мен көңіл күйін

Меңгереді: әуенді тыңдай отырып дыбысын ажыратуды

Тақырыбы: Кәне, қызық ойын бар

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру; шығарманың көңілді сипатына сәйкес сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ән салуға үйрету; музыка ырғағына сай жұптаса отырып би қимылдарын орындауға баулу, көңіл күй, шаттық сезімін ояту.

Көрнекілігі: Түрлі ойын үлгілерінің суреттері

Сөздік: ойын -игра

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Қайырлы күн достар Қайырлы күн апайлар	Қызығушылықпен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Ия балалар көктем мезгілі сіздер сырқа шығып ойнайсыздар солайма. Бүгінгі оқу қызметіміз тақырыбы «Кәне, қызық ойын бар» сіздер түрлі ойындар ойнайсыздар солайма? Музыка тыңдау: «Мәшине» Ән айту: «Кәне, қызық ойын бар» Кәне балалар қимылды би қимылдарын жасайық. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Бөбектер биі» Енді балалар ойын ойнап жіберейік. «Жай және жылдам» Балалар мен сіздерге қазір әуен қосам сіздер сосын жәй әуен қосам сіздер қос аяқтап жәй секіресіздер, жылдам әуен қосам жылдам секіресіздер қос аяқтап.	Көктем Ия әуенді тыңдап ненің дыбысы екенін айырды әуенге ілесе биледі Ойынды қызығушылық пен ойнады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар сіздер қандай ойын ойнадыңдар?	Жәй және жылдам

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенге ілесе ән айтуды

Игереді: би қимылдарын әуенге ілесе билеуді

Меңгереді: ойынды шартына сай ойнауды

Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы

Мақсаты: Балалардан өсекендегі кім болғысы келетіндерін сұрап, қаржының еңбек арқылы келетінін айтып Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету ұғындыру.

Көрнекілігі: Мамандық бойынша суреттер, металафон, үшбұрыш, маракасса аспаптары

Сөздік: дәрігер, ұстаз

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Көңілді әуенге секіріп жүгіріп, жануарлар қимылын салып жүру	Қызығушылықпен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар мына суреттерден нелерді көріп тұрсыздар? Балалар бүгінгі оқу қызметіміз тақырыбы «Мамандықтың бәрі жақсы» Балалар сіздер өскенде кім боласыздар? Сіздер дәрігер болсаңдар адамдарды емдейсіздер, ал мұғалім болсаңдар балаларға білім бересіздер, полиция қызметкері болсаңдар адамдарды қорғайсыздар, яғни қандай мамандық таңдасаңыздар бір маман иесі боласыздар. Ән тыңдау: «Мен дәрігер боламын» Балалар мына әнді тыңдайық не туралы айтылғанын. Ойын ойнап жіберейік балалар «Не артық» Балалар мына суретте не артық екенін табасыздар.	Дәрігерлерді, мұғалімдерді Балалар өз жауаптарын айтады Балалар зейін қойып тыңдайды Әнді балалар көңіл қойып тыңдайды Ойынды қызығушылықпен ойнайды
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Балалар ойын ұнадыма? Әнде не туралы айтылған екен?	Балалар өз жауаптарын айтты

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ән не туралы екенін

Игереді: ойынды шартына сай ойнауды

Меңгереді: өздеріне

Тақырыбы: Аялайық гүлдерді

Мақсаты: Күн, су, ауа – адамзаттың ортақ үйі, табиғат сыйы, олардың тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту. Музыканы тыңдап, ырғақты сезінуге баулу. Әнді мәнерлеп айтуға, дауыс ырғақтарын жаттығу арқылы дамытуға жетелеу.

Көрнекілігі: Табиғат суреттері, таспалар.

Сөздік: гулдер-цветы, көктем-весна

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Үлкендерге сіз Кішілерге біз әдеппеннен бас иіп сәлембердік біз	Қимылмен орындады
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар көңіл күйлеріңіз қалай? Балалар мына суреттерден нелерді көріп тұрсыздар? Ия гулдерді аялау керекпіз. Оларды күтіп бағу керек су құю керек. Топырақтарын ауыстыру керек. Үй гулдері үйдің ауасын тазартады. Дала гулдері ауаны тазартып тұрат, шаңдарды жұтып алады өзіне. Балалар гулдердің қандай түрлерін білесіздер? Тыңдау: «Табиғатым» Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп –үлкен боп өседі	Жақсы Гулдерді теректерді Қызғалдақ, раушан гулі әуенді көңіл қойып тыңдады қимылмен көрсетеді
Рефлексітік-түзету (коррекциялық)	Балалар гулдерді қалай күту керекпіз? Гулдер сіздерге ұнайма?	Су құйып, Ұнайды

Күтілетін нәтиже:

Біледі: гулдердің түрлерін

Игереді: гулдерді қалай күту керектігін

Меңгереді: әуенге ілесе қимылдар көрсетуді

Тақырыбы: Көктем өрнегі.

Мақсаты: дыбыс жоғарылығын, контрасты емес ырғақтық бейнелерді ажырата білуге үйрету. Шығарманы кіріспе, үзіндіден тануға баулу. Әнді көңілді, қуанышпен орындауға, ән ырғағына сәйкес қимыл бере білуге төселдіру. Табиғат көрінісін сезіне білуін, табиғатқа деген қамқорлық сезімін қалыптастыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері. Жаңылтпаш: Көп көкек, көкектеп, Көктем келді. Көкек кеп, көктеп көк, Көктем келді.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Жұмбақ: Түрі көркем түр кілем, Түгі жоқта кір кілем. Жазы жайлы жай кілем, Жайылып жатқан бір кілем. Көктем өрнегі Қар еріді, су ақты, Көкке бояп өңірді, Күндер келді шуақты. Көктем келді шуақты. Байтақ дала келбеті, Байтақ дала келбеті, Түкті кілем сияқты. Түкті кілем сияқты. Ән тыңдау. «Бұл қай кезде болады?» Көктем. • Тыңдаған әніміз жылдың қай мезгілі туралы? • Көктемде қандай құбылыстар болады? • Көктемнің айларын атаңдар? • Көктем туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер? • Сәуір – су айы, мамыр – гүл айы. • Көктемгі жауын артық болмас. Ән айту. «Көктем». Ережелерді сақтап, дауыс жаттығуын жасау. • Ән қандай көңіл күйде жазылған? • Ән сендерге ұнады ма? • Несімен ұнады? Әуенді қимыл-қозғалыс. «Қазақ вальсі». Музыкалық-дидактикалық ойын. «Ырғақтық лото» Әліппе-дәптермен жұмыс.	Жұмбақты шешеді. Өленді тындап, мәнерлеп айтады. Әнді жақсылап тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. Әнді ережеге сәйкес орындайды. Сұрақтарға жауап береді. Би билеп, ойын ойнайды. Дәптермен жұмыс жаайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	-Бүгінгі сабақта қандай жыл мезгілі туралы өттік? -Сабақтың қандай кезеңі сендерге ұнады? Бағалау, мақтау, ерекше көзге түскен баланы жеке атап, марапаттау.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: шығарманы кіріспе, үзіндіден тануды.

Игереді: дыбыс жоғарылығын, контрасты емес ырғақтық бейнелерді ажыратуды.

Менгереді: әнді көңілді, қуанышпен орындауды, ән ырғағына сәйкес қимыл бере білуді.

Тақырыбы: Тұсау кесу.

Мақсаты: музыканың сезімдік мазмұнын сипаттай, ажырата, бейнелей білуге үйрету. Әнді табиғи дауыспен, нәзік орындауға төселдіру. Музыка ырғағына би қимылын үйлесімді орындауға талпындыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Қазақтың ұлттық рәсімдері туралы әңгімелесу. Ән тыңдау. «Тәй-тәй». - Музыка қалай орындалды? - Көңілді ме, әлде көңілсіз музыка ма? - Музыка тыңдау барысында қандай оқиғаны елестеттіңдер? - Музыка сендерге ұнады ма? Ән айту. «Тұсау кесу жыры». Халық әні. «Тұсау кесу рәсімі» дегенді қалай түсінесіңдер? - Ол рәсім не үшін жасалады? - Рәсімді кім жасайды? - Тұсау кесу рәсімін жасау үшін не қажет? - Тұсау кесу рәсімі орындалғаннан кейін қандай ән орындалады? (Тәй-тәй) Қаз-қаз, балам, қаз балам, Қадам бассаң мәз болам. Кермеуінді шешейік, Тұсауыңды кесейік. Ән айтар алдындағы ережелерді еске түсіріп, дауысымызға жаттығу жасап, ән айтуға дайындалайық. Әуенді қимыл-қозғалыс. «Балдырғандар биі». Музыкалық аспапта ойнау. «Қандай ырғақ?» Әліппе-дәптермен жұмыс.	Рәсімдер туралы әңгіме жүргізеді. Әнді мұқият тыңдайды. Мазмұнын меңгереді. Сұрақтарға жауап береді. Әнді ереже бойынша айтады. Сұрақтарға жауап береді. Тұсау кесу жырын жаттап айтады. Ойындарды, аспапта ойнауды, дәптермен жұмысты іске асырады.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	«Тұсау кесу» рәсімінен басқа тағы қандай рәсім білесіңдер? - Ән ұнады ма? - Бүгінгі сабақтың қай кезеңі көбірек ұнады? Балаларға жекелеп баға беріп, марапаттау, мадақтау.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: музыка ырғағына би қимылын үйлесімді орындауды.

Игереді: музыканың сезімдік мазмұнын сипаттауды, ажыратуды, бейнелей білуді.

Меңгереді: әнді табиғи дауыспен, нәзік орындауды.

Тақырыбы: Нұр төккен, гүл көктем

Мақсаты: Мезгілдер туралы түсіндіру. Көктем мезгілі туралы айту. Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.

Көрнекілігі: Көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.

Сөздік: гүл-цветы

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятаушылық	Үлкендерге сіз Кішілерге біз Әдеппеннен бас иіп Сәлем бердік біз	Қимылмен орындады
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде қандай өзгешеліктер болады? Бүгінгі оқу қызметіміз тақырыбымыз «Нұр төккен, гүл көктем» Балалар көктем айында гүлдер қызғалдақтар шыға бастайды. Күннің көзі шығып күн жылынады күннің нұры төгіліп тұрады. Кәне балалар ән тыңдайық Ән тыңдау: «Көктем» әнде не туралы айтылған екен? Дұрыс балалар құстар, көктемнің өзгешеліктері туралы айтылған. Ән айту: Көктем келді Енді балалар ән үйренейік Қимылды би қозғалыстары «Фиксаки»	Көктем Құстар келеді гүлдер шығады Балалар әнді көңіл қойып тыңдайды Көктем туралы құстар туралы әнді бәрі бірге үйренді
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар қандай әндер үйрендіңдер? Көктем мезгілі сіздерге ұнайма?	Көктем келді ұнайды

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көктемгі өзгешеліктерді

Игереді: би қимылдарын әуенге ілесе билеуді

Меңгереді: гүлдерді қалай күтуді

Тақырыбы: Ас атасы - нан

Мақсаты: Нанды қастерлеуге, ас атасы – нан екенін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екенін, нанның дастарханға қалай келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек ететінін түсіндіру. Дауыс

жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру.

Көрнекілігі: Тақырыпқа байланысты суреттер, CD – дискілер.

Сөздік: нан-хлеб

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Қайырлы күн балалар Қайырлы күн апайлар	Жақсы көңіл күймен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар мына суреттен нелерді көріп тұрсыздар? Ия нанды неден жасайды екенін білесіздерме. Бүгінгі оқу қызметіміз «Ас атасы - нан» Бидайдан жасайт бидайды тазалап терменнен өткізіп астық жасайды, астықтан нан пісіреміз. Нанның құнары көп сіздердің денсаулықтарыңызға. Нанды шашпау керексіздер аяқтарыңа баспаңдар. Нанның қиқымы жатса баспай торғайларға тастаңдар. Ән тыңдау: «Ақ бидай» Ән салу: «Бауырсақ» Би: «Жұптасу биі»	Нан бидай Көңіл қойып тыңдады әуенге қосылып әнді үйренді әуенге қосылып би қимылдарын жасады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар не туралы айттық? Нанды неден жасайды екен?	Нан туралы бидайдан

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бидайдан астық жасауды

Игереді: нанды неден жасайтынын

Меңгереді: әуенге ілесіп би қимылдарын орындауды

Тақырыбы: Айға ұшамын

Мақсаты: Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету.

Көрнекілігі: Ғарышкерлер суреттері, аспаптар, таспалар.

Сөздік: ғарыш, аспан

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Көңілді әуенге секіріп жүгіріп, жануарлар қимылын салып жүру	Қызығушылықпен қатысты
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар суреттен нелерді көріп тұрсыздар? Ия балалар адам яғни адам нестеп жүр? Балалар бірінші ғарышқа 2 ит ұшқан Лайка мен Стрелька 19 август 1960 ж. Сосын Юрий Гагарин Алексейвич әлем бойынша ұшқан 12 апрель 1961 ж. Сосын қазақтардан бірінші ұшқан Тоқтар Әубекеров. Ән тыңдау: «Айға ұшамын» Дауыс жаттығуы: «До-ре-ми» Ән айту: «Мен космонавт боламын» Балалар әнде не туралы айтылған екен? Ойын ойнап жіберейік «Ұшты-ұшты» Балалар мен сіздерге ұшты-ұшты дегенде не ұшатынын ұшпайтынын айтасыздар яғни қолдарыңды көтеріп.	Адам ұшқыш Аспанда ұшып жүр До-ре-ми Балалар әуенге қосылып айтты Аспанда ұшу туралы Қызығушылықпен ойнады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар бірінші ғарышқа кім ұшқан екен? Балалар ойын ұнадыма?	Ит Ия

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бірінші ғарышқа кім ұшқанын

Игереді: әуенге ілесе ән айтуды

Менгереді: ойын кезінде қырағылық, сақтық, ұқыптылық дағдыларын.

Тақырыбы: «Табиғат-біздің үйіміз»

Мақсаты: Балаларға табиғат, тіршілік, коршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі: табиғат сбеинеленген суреттер, аңдар суреттері

Сөздік: табиғат-природа

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятаушылық	Сәлеметсіңдерме балалар! Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Ендеше бір-бірімізге деген жылы лебіздімізді білдіріп таңғы шаттық шеңдерін жасайық. Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз	Сәлеметсізбе! Біз де қуаныштымыз Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, мұқият тыңдаңдар. Бір жерінде ыстық Бір жерінде суық Бір жерінде күн Бір жерінде түн Керемет алып неткен -Иә дұрыс айтасыңдар, міне мынау жер шары, пішіні қандай? Балалар біз қазір сіздермен «Жер шары» ойынын ойнаймыз. Ойын шарты бойынша мен қолымдағы допты бір балаға лақтырып, «жер шары» деп айтамын қағып алған бала жер шарында кімдер? Нелер? мекедейтінін шапшаң айтып допты кері лақтырады. Мысалы: тәрбиеші «Жер шары» десе бала «адам» деп жылдам жауап беруі тиіс. Жарайсыңдар балалар! Адам, құстар, жануарлар, жәндіктер, аңдар, ағаштар, гүлдер, таулар. Бұның барлығын бір сөзбен айтқанда не деп айтамыз? Дұрыс айтасыңдар біз бүгін сіздермен осы табиғат ұғымымен тереңірек танысамыз. Ғажайып сәт: Табиғат аясындағы ақ қайың ағашынан келіп тұр екен. Хат Сәлеметсізбе, құрметті балалар! Мен ақ қайыңмын. Мен сендерге жазда жандарыңа сая болатын едім. Кәзіргі кезде менің қалым нашарлап бара жатыр маған адамдар көңіл бөліп қарамайды. Менің бұтақтарым сынып, сусыз қурап бара жатырмын. Мен сендерден сұрайтыным маған көмек беріндерші. Сәлеммен Ақ қайың. алаларсыңдар ақ қайыңға көмектесемізбе? Ендеше Табиғат аясына саяхатқа шығып ақ қайыңға көмектесейік. Табиғат аясында жүргенде ережеледі айтып жүру. Табиғат ананы ластамай тазалықты сақтай біліуіміз керек.	Жер шары Дөңгелек Балалар ойынды ойнайды Табиғат

	Тағы қандай ережелерді білесіңдер? Тыныштық сәті: Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау. Балалар не естідіңдер? Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. Табиғат – бізді қоршаған орта, туған елім, ауа, күн мен жер және су, орман мен жануарлар. Табиғат екіге бөлінеді. Ол тірі табиғат және өлі табиғат. Тірі табиғатқа: ағаш, шөп, гүл, адамдар, аңдар, құстар жатады, олар өседі, дем алады, көбейеді, денесінде жан бар. Өлі табиғатқа: су, тас, құм, ауа жатады, олар өспейді, дем алмайды денесінде жаны жоқ. Бірақ осы тірі табиғат пен өлі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен. Оны мен саяхат барысында бақылап көреміз. Жерде аңдардың іздері жатады. Балалар бұл осы тірі табиғаттың бірі аңдардың іздері. Қараңдаршы табиғат аясында неше түрлі аңдар жүреді екен. -Балалар қараңдаршы сылдырап ағып жатқан не екен? -Дұрыс бұл су. -Ал судың қандай пайдасы бар? Су- балалар өлі табиғатқа жатады, ал біз адамдар суды ішеміз бізге пайдасы өте көп екен. Демек өлі табиғат пен тірі табиғат бір-бірімен тығыз байланысты екен. Сергіту сәтті: Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі	Балалар хатты мұқият тыңдайды Балалар өздері білетін ережелерді айтады. Желдің үрлегенін, жаңбырдың жауғанын, құстардың мен жан-жануарлардың дыбыстарын естідік. Су Қимылмен орындайды
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар біз бүгін не туралы өттік?	Табиғат, ауа су туралы

Күтілетін нәтиже:

Біледі: табиғат туралы

Игереді: өлі табиғат, тірі табиғат туралы

Меңгереді: әуенді тыңдап айыра білуді

Тақырыбы: «Әдемі көбелек»

Мақсаты: Көбелектер туралы түсінік беру.
 Ән арқылы қызығушылықтарын арттыру.
 Балаларға жазғы жылулықты сезіндіре отырып, көңілді әндер үйрету.
Көрнекілігі: көбелектер бейнеленген суреттер
Сөздік: көбелек-бабочка

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятушылық	Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң бақшамыз	Қимылмен жасады
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Сәлеметсіңдерме балалар? Бүгінгі көңіл күйлерің қалай? Гүлдердің қандай түрлерін білесіңдер? Олардың түстереді қандай болады? Жарайсыңдар балалар сендер біраз мәлімет біледі екенсіңдер. Әсем гүлдерге көбелектер ұшып қонады. Көбелектер өте әдемі. Олар кішкентай ұшатын жәндіктерге жатады. Кәне көңіл қойып тыңдайық ән не туралы екенін тыңдайық. «Көбелек» әні Міне балалар әнде де көбелектер туралы айтылған. Көбелектер гүлдерге қонады екен. Сергіту сәті. Желкілдеген желменен, Жел егінді тербеген. Өсірді оны дихандар, Тамшылаған терменен	Жақсы әр түрлі болады зейін қойып тыңдайды Қимылмен жасады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар біздер не туралы өттік?	Көбелектер туралы

Күтілетін нәтиже:

Біледі: көбелектер туралы

Игереді: әнді тыңдай отырып не туралы екенін айта білді

Меңгереді: көбелектер түрлі түсті болатынын

Тақырыбы: Ұлы достық жасасын!

Мақсаты: ән мазмұны арқылы мейірімділікке, достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу. Әнді ширақ, көңілді, еркін орындауға төселдіру. Ұлттық би элементтерін еркін орындауға жаттықтыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Басқа ұлттың салт-дәстүрімен таныстыру. Достық туралы ән, тақпақ жаттау. Бақыт, бірлік – күн талабы, Тоқтамайды дүбір әні. Мәңгі бақи шырқалады, Республикам Әнұраны. Ән тыңдау. «Отан – ортақ үйіміз» • Отан деген сөзді қалай түсінеміз? • Отан туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер? • Біздің туған Отанымыз қалай аталады? • Ән қандай темпте, қалай орындалды? • «Отан оттан да ыстық» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? Ән айту. «Достық» • Дос деген сөзді қалай түсінесіңдер? • Біздің арамызда түрлі ұлттардың балалары бар, солармен қандай қарым-қатынастамыз? • Ән қандай темпте жазылған? Психологиялық жаттығу: «Саусақтар жарысы». Әуенді қимыл-қозғалыс. «Қоңыр аю қорбаңбай». Музыкалық-дидактикалық ойын. «Не қалай жүгіреді?». Әліппе-дәптермен жұмыс.	Достық туралы әңгімелеседі. Өлеңді мәнерлеп айтады. Әнді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Әнді ережесі бойынша айтады. Сұрақтарға жауап береді. Әуенді қимыл-қозғалыстарды орындайды. Ойынды ойнайды. Дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	• Бүгін қай тақырыпта әңгіме өткіздіңк? • Ән не туралы болды? • Ол ән қандай жылдамдықта, қалай орындалды? • Ән сендерге ұнады ма?	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: әнді ширақ, көңілді, еркін орындауды.

Игереді: ән мазмұны арқылы мейірімділікті, достықты, сыйластықты.

Меңгереді: ұлттық би элементтерін еркін орындауды.

Тақырыбы: Жеңіс күнін тойлаймыз.

Мақсаты: таныс музыканы тани, жанрын ажырата, динамикалық өзгерістерді білу қабілеттерін дамыту. Балалардың ән, әуенді қимыл-қозғалыс орындауда өздігінен, еркін шығармашылық белсенділігін көрсете білуіне мүмкіндік жасау, қолдау. Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні туралы түсінік қалыптастыру.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Ұлы отан соғысы туралы түсінік қалыптастыру. 28-Панфиловшылар паркіне, Әлия мен Мәншүк, Бауыржан Момышұлы ескерткіштеріне саяхат жасау, гүл шоғын қою. - Соғыс дегенді қалай түсінесіңдер? «Жеңіс күні» дегенді қалай түсінесіңдер? Ән тыңдау. «Мерекелік марш». - Тыңдаған әніміз қай жанрға жатады, ән, күй, би, марш. - Марш музыкасы қалай орындалады? - Марш музыкасына сәйкес қандай қимыл-қозғалыстар жасауға болады? Ән айту. «Жеңіс күнін тойлаймыз». - Әнде кім туралы айтылады? - Ән қандай көңіл күйде жазылған? - Ән сендерге ұнады ма? «Орден» дегенді қалай түсінесіңдер? - Орден не үшін беріледі? - Ән қалай орындалды? Әуенді қимыл-қозғалыс. «Яблочко». Орыстың халық биі. Музыкалық-дидактикалық ойын. Орыстың халық биі «Яблочко» биін түрлі аспаптармен сүйемелдеу. Музыкалық аспапта ойнау: «Өжет ұшқыш». Әліппе-дәптермен жұмыс.	Соғыс туралы әңгімелеседі. Сұрақтарға жауап береді. Әнді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Әнді ережесі бойынша айтады. Сұрақтарға жауап береді. Әуенді қимыл-қозғалыстарды орындайды. Ойынды ойнайды. Дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	- Жеңіс күні қай күні тойланады? - Сабактың қай кезеңі ұнады?	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: таныс музыканы тануды, жанрын ажыратуды, динамикалық өзгерістерді білуді.

Игереді: ән, әуенді қимыл-қозғалыс орындауда өздігінен, еркін шығармашылық белсенділігін көрсете білуін.

Менгереді: Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні туралы түсінікті.

Тақырыбы: Мен жасай аламын

Мақсаты: Балалармен бақыт туралы сұрақ – жауап арқылы әңгімелесу. Музыканы тыңдата отырып ырғағын ажырату. Әннің мағынасын сұрау. Ән салғанда дауыс ырғақтарын қадағалау

Көрнекілігі: Тақырыпқа байланысты суреттер. Таспалар

Сөздік: жаз-лето

Әрекеттердің Кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Ұйымдастырушылық- оятаушылық	Үлкендергесіз Кішілерге біз әдеппеннен бас иіп сәлем бердік біз	Қимылмен жасайды
Ұйымдастырушылық- ізденушілік	Балалар мына суреттен кімдерді нелерді көріп тұрсыздар? Ия балалар сіздерде осы балалар сияқты жасай аласыздар. Біздің бүгінгі оқу қызметіміз тақырыбы «Мен жасай аламын» Сіздер әкелеріңе мамаларыңа көмектесесіздер міне осының бәрін сіздер жасай аласыздар. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» «Бәсең және көтеріңкі» Сергіту сәтті: Тербеледі ағаштар Алдыңнан жел еседі Кіп-кішкентай балалар Үп үлкен боп өседі	Балалар жаттығу жасап жатыр. Терек егіп жатыр Зейін қойып тыңдайды әуенге қосылып айтады әнді ойынды шартына сай ойнауға тырысады қимылмен жасайды
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Балалар бүгінгі оқу қызметіміз қандай еді?	Мен жасай аламын

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өздерінің бәрін жасай алатынын

Игереді: әнді әуенге ілесе айтуды

Меңгереді: бәрі бірге би қимылдарын жасауды

Тақырыбы: Жаз.

Мақсаты: түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын түсіну, ойнаған аспаптарды тани, ажырата, көңіл күйді сезіне білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қиялын, көбелектер бейнесін еркін, жеңіл бере білуге, би элементтер түрін ойлап табуын қолдау.

Іс-әрекет бөлімдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңберін ұйымдастыру.	Шаттық шеңберіне тұрып, жылы лебіздерін білдіреді
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Әңгімелесу. Жаз мезілі, оның ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Қойның толы жеміске, Көк майсалы еңісте, Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? Ән тыңдау. «Сарыжайлау». • Айнала жап-жасыл түске еніп, түрлі түсті гүлдер жайнап тұрған кез жылдың қай мезгілі? Бұл қай кезде болады? • Жаз несімен ұнайды? • Жазда ауа райы қандай болады? • Денсаулығымызды шыңдау үшін жазда қандай шаралар жасаймыз? Ән айту. «Мен жайлауға барамын». • Жайлау деген не? • Жайлауға не үшін барады? • Жайлаудан қай кезде қайтады? • Жайлауда кімдер тұрады? • Жайлаудың көрінісін суреттей аласыңдар ма? • Жаздың келбетін қандай түспен бейнелеуге болады? • Жайлауда қандай жануарлар болады, олардың төлдері қалай аталады? Әуенді қимыл-қозғалыс. Музыкалық-дидактикалық ойын. «Балапан мен мысық». Әліппе-дәптермен жұмыс.	Жаз туралы әңгімелеседі. Өлеңді жаттайды. Әнді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Әнді ережесі бойынша айтады. Сұрақтарға жауап береді. Әуенді қимыл-қозғалыстарды орындайды. Ойынды ойнайды. Дәптермен жұмыс жасайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Жалпы іс-әрекетке қысқаша қорытынды.	Сұрақтарға жауап береді.

Біледі: түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын.

Игереді: ойнаған аспаптарды тани, ажырата, көңіл күйді сезіне білуді.

Менгереді: жаз мезгілі туралы өзгерістерді.

«Әлжан ана» бөбекжай балабақшасы

Музыкадан оқу қызмет жоспары

Ересек «Қарлығаш» тобы

Музыка жетекшісі: Табылдиев М

2021-2022 оқу жылы

2021 – 2022 оқу жылына арналған музыка ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары.

Ересек «Қарлығаш» тобы

Апта	Өтпелі тақырыбы	Апта тақырыбы	Білім беру саласы: «Шығармашылық»	Тақырыбы:	көрнекілігі	Сағат саны	Өтілетін күні
			Бөлімі: Музыка				
			Мақсаты:				
I	Қыркүйек «Менің балабақшам»	Менің балабақшам	Балабақша туралы әңгімелеу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету.	Бақшаға келемін	Балабақшадағы көріністер, суреттер.	1	
II		Менің достарым	Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру	Бақшаға келемін	Балабақша бейнеленген суреттер. Балабақшаның ішіндегі көрнекі құралдар.	1	
			Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге үйрету.	Мерекелік көңіл күй	Жалаушалар түрлі түсті шарлар суреттер.	1	
III		Менің сүйікті ойыншығым	Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге үйрету.	Мерекелік көңіл күй	Жалаушалар түрлі түсті шарлар суреттер.	1	
IV		Жиһаздар	Қуыршақ ойыншықтары арқылы балалардың қызығушылығын арттыру.	Біздің қуыршақ	Қуыршақтармен ойыншықтар, сылдырмақтар.	1	
			Көңілді сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге қосыла ән салуға үйрету.	Қызыл, жасыл, көк шар	әртүрлі шарлар	1	
		Қайталау апта	Түрлі қарқындағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, ажырата білуге үйрету;	Көңілді достар	Ормандағы аңдардың суреттері мен ойыншықтары	1	
I	Қазан айы «Менің отбасым»	Менің отбасым, ата – аналар еңбегі	Шығарманы тыңдап, сипаты мен мазмұнына эмоциялық көңіл күй танытуға, музыкалық сүйемелдеумен әнді соза, әуенімен айтуға үйрету;	Ақ әжем	Отбасы мүшелерінің суреттері.	1	
II		Менің көмекшім	Ересектердің орындауындағы әнді мұқият тыңдауға, әндегі жоғары және төмен дыбыстарды ажыратуға баулу.	Сылдырмақтар әуені	Сылдырмақтар суреттері.	1	
			Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;	Қоянда қонақта	Қояндар бейнеленген суреттер	1	
III		Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауға үйрету; музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту.	Ақ тиін	Тақырыпқа байланысты суреттер, СД – дискілер.	1	
IV		Алтын күз	Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.	Мерекелік ән мен би	СД-дискілер. Қимылды көріністер, кейіпкерлер.	1	
			Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;	Алтын күз	Күз бейнесінің, жеміс – көкөністер суреттері	1	
I	Қараша	Өзім туралы	Қуыршақ ойыншықтары	Біздің қуыршақ	Қуыршақтармен	1	

			арқылы балалардың кызығушылығын арттыру.		ойыншықтар, сылдырмақтар.		
II		Дұрыс тамақтану. Дәрумендер	Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру; түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;	Алтын күз	Күз бейнесінің, жеміс – көкөністер суреттері	1	
			Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.	Мерекелік ән мен би	СД-дискілер.Қимылды көріністер,кейіпкерлер.	1	
III		Өзіңде өзгелергеде көмектес.	Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету.Әнді сезіну арқылы Отанды сүюге, кастерлеуге баулу.	Туған өлкем	Рәміздер, елбасы суреттері. Домбыра, таспа.	1	
IV		Біз күштіміз, ептіміз.	Дауыс жаттығуын орындау арқылы балалардың дауыстарын қалыпқа келтіру. Әнді тыңдап, әннің ырғағын айыру.	Біз күштіміз, ептіміз	Тақырыпқа байланысты суреттер, СД – дискілер.	2	
I							
II	Желтоқсан айы «Менің қазақстаным»	Туған өлкем	Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, шығарманы сезіне білуге үйрету.Әнді сезіну арқылы Отанды сүюге, кастерлеуге баулу.	Туған өлкем	Рәміздер, елбасы суреттері. Домбыра, таспа.	2	
III		Менің Қазақстаным	Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.	Мерекелік ән мен би	СД-дискілер. Қимылды көріністер, кейіпкерлер.	1	
IV		Қош келдің Жана жыл	Музыка сипаты арқылы табиғат ерекшеліктеріне көңіл бөлу, қыс мезгілі туралы түсіндіру;	Шыршамызға арнаймыз	Кішкентай шыршалар, үшбұрыш, металафон аспаптары, таяқша бекітілген жылтырақ әшекейлер, шыршалар	2	
		Қайталау апта	Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.	Мерекелік ән мен би	СД-дискілер. Қимылды көріністер, кейіпкерлер.	1	
I	Қаңтар айы «Қысқызығы»	Табиғат әлемі	Музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айту қабілеттерін жетілдіру;	Қысқы әуен	Қыс мезгілінің суреттері	1	
II		Жануарлар әлемі	Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;	Қоянда қонақта	Қояндар бейнеленген суреттер	1	
			Жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауға үйрету; музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту.	Ақ тиін	Тақырыпқа байланысты суреттер, СД – дискілер.	1	
III		Құстар біздің досымыз.	Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтауға, әуен сипатына үн қатуға баулу.	Торғайлар	құстар суреттері, торғай суреті немесе ойыншық торғай	1	
IV		Ғажайып қыс	Музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айту қабілеттерін жетілдіру;	Қысқы әуен	Қыс мезгілінің суреттері	2	
I	Ақпан айы «Бізді қошаған әлем»	Ғажайыптар әлемі	Аю туралы түсінік беру. Аюдың дыбыстарын салуды. Аюдың қыс мезгілінде ұйқыға кететін айтып түсіндіру.	Аю	Аюлар суреттері	1	
II		Көліктер	Әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін	Қыс қызығы	Қыс мезгілінің суреттері	2	

			дамыту.				
III		Электроника	Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға дағдыландыру;	Кәне, қызық ойын бар	Түрлі ойын үлгілерінің суреттері	1	
IV		Мамандықтың бәрі жақсы	Балалардан өсекендегі кім болғысы келетіндерін сұрап, қаржының еңбек арқылы келетінін айтып Ансамбльде, ән айтуға, өлеңді бір мезгілде бастап, қатар аяқтауға, музыкалық фразалардың арасында дем алуға үйрету ұғындыру.	Мамандықтың бәрі жақсы	Мамандық бойынша суреттер, металафон, үшбұрыш, маракасса аспаптары	2	
I	Наурыз «Табиғаттың гүлденуі»	Аялайық гүлдерді	Көктем мезгілінің ерекшеліктерін, музыка ырғақтарымен байланысын түсіндіру;	Шуақты көктем	Көктем мезгілінің ерекшеліктерінің суреттері.	1	
II		Жылғалардан су ақты	Мезгілдер туралы түсіндіру. Көктем мезгілі туралы айту..Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.	Нұр төккен, гүл көктем	Көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.	2	
III		Өнер көзі халықта	Мезгілдер туралы түсіндіру. Көктем мезгілі туралы айту..Көктемгі құстардың сайрағанын музыкада ажырата білу.	Нұр төккен, гүл көктем	Көктемдегі көріністер, қараторғай суреті.	1	
IV		Нұр төккен гүл көктем	Күн, су, ауа – адамзаттың ортақ үйі, табиғат сыйы, олардың тіршіліктегі маңызы мен құндылығы туралы білімдерін кеңейту.	Аялайық гүлдерді	Табиғат суреттері, таспалар.	2	
I	Сәуір айы «Жер - Ана»	Ас атасы нан	Нанды қастерлеуге, ас атасы – нан екенін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екенін, нанның дастарханға қалай келетінін айтып оған көптеген адамдар еңбек ететінін түсіндіру.	Ас атасы - нан	Тақырыпқа байланысты суреттер, СД – дискілер.	1	
II		Ғарышқа саяхат	Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту.	Айға ұшамын	Ғарышкерлер суреттері, аспаптар, таспалар.	2	
III		Көктемгі ағаштар	Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсініктерін қалыптастыру, балаларға өлі және тірі табиғат жөнінде мағлұмат беру, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қадірлей білу және қамқорлық жасай білуге үйрету.	Табиғат-біздің үйіміз	табиғат сбеинеленген суреттер, аңдар суреттері	1	
IV		Көктем жаршысы құстар	Берілген мазмұнға сәйкес шығармашылық тембрге лайықты аспаптарда ойнау.	Қай аспапта ойнағанымды тап	әр түрлі аспаптар	2	
I	Мамыр айы «Әр баланың	Бір шаңырақ астында	Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру.	Достық –біздің тірегіміз (халықтар достығы)	Ұлт өкілдер суреттері, аспаптар, таспалар.	1	
II		Бейбітшілік	Балаларды Отан сүйгіштікке	Отан қорғаушылар	Жеңіс күніне арналған	2	

[illegible]

«Әлжан ана» бөбекжай балабақшасы



Музыкадан күнтізбелік – тақырыптық жоспар

Ересек «Қарлығаш» тобы

Музыка жетекшісі: Табылдиев М

2021-2022 оқу жылы

Тақырыбы: Бақшаға келемін

Мақсаты: Балабақша туралы әңгімелеу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру

Көрнекілігі: Балабақша бейнеленген суреттер. Балабақшаның ішіндегі көрнекі құралдар.

Сөздік: ойнақы – көңілді

Әрекеттердің езеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушылық-оятушылық	Шаттық шеңбері: Үлкендерге сіз, Кішілерге біз . Әдеппеннен бас иіп, Сәлем бердік біз.	Балалар шаттық шеңберіне жақсы көңіл күймен қатысты
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Балалар күніл күйлеріңіз қалай? Жарайсыздар балалар! Қазір жылдың қай мезгілі қане кім біледі екен? Ия балалар күз мезгілінде қандай өзгешеліктер болады. Біз балабақшада нестейміз? Сендерге балабақша ұнайма? Бүгінгі оқу қызметіміз тақырыбы «Бақшаға келемін» Балалар бүгін біздер балабақша ішіне саяхатқа шығамыз. Кәне бәріміз поезд болып тұрайық та жүрейік, поп-чик-чик, попчик-чик Бұл қай жер балалар? Поп-чик –чик енді қай жерге келдік? Поп-чик-чик енді қай жерге келдік? Енді балабақшамызға қайтайық. Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» Енді балалар ән айтайық қимылмен көрсетіп. Ән айту кезінде иықты көтермей, денені тік ұстаймыз. Енді балалар ән айтайық қимылмен көрсетіп. «Топ-топ балақан» Балалар ән сендерге ұнадыма? Ән көңілдіме көңілсізбе және қандай темпте айтылып тұр жәйме жылдамба. Жаңа ән «Балабақшам менім» Балалар бірінші сөзін жаттап алайық сосын әуенмен қосып айтамыз. Даусымызды жаттықтырып алайық До-ре-ми-фа Жарайсыздар балалар балабақшам менім әнде не туралы айтылған екен. Сергіту сәтті: Буги-буги	Жақсы Күз мезгілі Күн салқын жапырақтар сарғайып түсе бастайды Ойнаймыз сабақ оқыймыз Ұнайды Балалар жақсы көңіл күймен қимылмен әнді айтты Ия Көңілді орташа Музыка бұрышы Табиғат бұрышы Ертегілер әлеміне До-ре-ми-фа Балабақша туралы балар туралы айтылған Қимылмен жасады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Қандай ән үйрендік? Балабақшаға саяхат ұнадыма? Жарайсыздар балалар бәрің жақсы қатыстыңдар.	Балабақшам менім Ұнады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді әуенге ілесе айтуды

Игереді: Әуен ырғағымен әнді айтуды

Менгереді: Әнді тыңдап, мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды.

Тақырыбы: Бақшаға келемін

Мақсаты: Балабақша туралы әңгімелеу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға, ересектермен бірге ән салуға баулу. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру

Көрнекілігі: Балабақша бейнеленген суреттер. Балабақшаның ішіндегі көрнекі құралдар.

Сөздік: ойнақы – көңілді

Әрекеттердің езеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушылық-оятушылық	Шаттық шеңбері: Үлкендерге сіз, Кішілерге біз . Әдеппеннен бас иіп, Сәлем бердік біз.	Балалар шаттық шеңберіне жақсы көңіл күймен қатысты
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Балалар күніл күйлеріңіз қалай? Жарайсыздар балалар! Қазір жылдың қай мезгілі қане кім біледі екен? Ия балалар күз мезгілінде қандай өзгешеліктер болады. Біз балабақшада нестейміз? Сендерге балабақша ұнайма? Бүгінгі оқу қызметіміз тақырыбы «Бақшаға келемін» Балалар бүгін біздер балабақша ішіне саяхатқа шығамыз. Кәне бәріміз поезд болып тұрайық та жүрейік, поп-чик-чик, попчик-чик Бұл қай жер балалар? Поп-чик –чик енді қай жерге келдік? Поп-чик-чик енді қай жерге келдік? Енді балабақшамызға қайтайық. Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» Енді балалар ән айтайық қимылмен көрсетіп. Ән айту кезінде иықты көтермей, денені тік ұстаймыз. Енді балалар ән айтайық қимылмен көрсетіп. «Топ-топ балақан» Балалар ән сендерге ұнадыма? Ән көңілдіме көңілсізбе және қандай темпте айтылып тұр жәйме жылдамба. Жаңа ән «Балабақшам менім» Балалар бірінші сөзін жаттап алайық сосын әуенмен қосып айтамыз. Даусымызды жаттықтырып алайық До-ре-ми-фа Жарайсыздар балалар балабақшам менім әнде не туралы айтылған екен. Сергіту сәтті: Буги-буги	Жақсы Күз мезгілі Күн салқын жапырақтар сарғайып түсе бастайды Ойнаймыз сабақ оқыймыз Ұнайды Балалар жақсы көңіл күймен қимылмен әнді айтты Ия Көңілді орташа Музыка бұрышы Табиғат бұрышы Ертегілер әлеміне До-ре-ми-фа Балабақша туралы балар туралы айтылған Қимылмен жасады
Рефлексік-түзету (коррекциялық)	Қандай ән үйрендік? Балабақшаға саяхат ұнадыма? Жарайсыздар балалар бәрің жақсы қатыстыңдар.	Балабақшам менім Ұнады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әнді әуенге ілесе айтуды

Игереді: Әуен ырғағымен әнді айтуды

Менгереді: Әнді тыңдап, мәтінін әңгімелеуді, ырғақпен қозғалуды.

Тақырыбы: Мерекелік көңіл күй

Мақсаты: Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге үйрету. Бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге дағдыландыру. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.

Көрнекілігі: Жалаушалар түрлі түсті шарлар суреттер.

Сөздік: мереке-праздник

Әрекеттердің кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушылық-оятушылық	Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады. Педагогтің таңдауымен таныс әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. Балалардың ырғақты тыңдап, жеңіл жүгіруін қадағалайды.	Балалар жақсы көңіл күймен қатысады
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Балалар біздер бүгінгі оқу қызметіміз «Мерекелік көңіл күй» Балалар сіздер мерекелік көңіл күйді қалай түсінесіздер? Мерекелік көңіл күй деп жақсы көңілді ән айтып би билеп ойын ойнаймыз міне осыны мерекелік көңіл күй деп айтамыз. Ән тыңдау: «Шашу» Кәне балалар жалаушалар мен би билейік. Бәріміз шеңберге тұрайық сосын жалаушаларымен билейміз. Сергіту сәтті: «Қара жорға» Әуенге ілесе билейді	Балалар жауап беруге тырысады Қызығушылықпен тыңдайды Жалаушалармен билейді Қызығушылықпен қатысады
Рефлексстік-түзету (коррекциялық)	Балалар сіздерге мерекелік көңіл күй ұнадыма?	Ия

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы,ырғақты сезіну,сипаттарды ажырата білуі керек.Музыканың динамикасын,қарқынын білуі керек.

Игереді: әуенге ілесе жалаушалармен билеуді

Меңгереді: Музыкамен би қимылдарын жасауды,қол буындарын қимылдату,би үлгілерін қайталап көрсетуді.

Тақырыбы: Мерекелік көңіл күй

Мақсаты: Шығарманы соңына дейін тыңдауға, пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялық көңіл күй таныта білуге үйрету. Бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында ырғақты және музыканың би сипатын игере жүруге дағдыландыру. Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.

Көрнекілігі: Жалаушалар түрлі түсті шарлар суреттер.

Сөздік: мереке-праздник

Әрекеттердің кезеңдері	Ән жетекшінің әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушылық-оятушылық	Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады. Педагогтің таңдауымен таныс әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. Балалардың ырғақты тыңдап, жеңіл жүгіруін қадағалайды.	Балалар жақсы көңіл күймен қатысады
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Балалар біздер бүгінгі оқу қызметіміз «Мерекелік көңіл күй» Балалар сіздер мерекелік көңіл күйді қалай түсінесіздер? Мерекелік көңіл күй деп жақсы көңілді ән айтып би билеп ойын ойнаймыз міне осыны мерекелік көңіл күй деп айтамыз. Ән тыңдау: «Шашу» Кәне балалар жалаушалар мен би билейік. Бәріміз шеңберге тұрайық сосын жалаушаларымен билейміз. Сергіту сәтті: «Қара жорға» Әуенге ілесе билейді	Балалар жауап беруге тырысады Қызығушылықпен тыңдайды Жалаушалармен билейді Қызығушылықпен қатысады
Рефлексстік-түзету (коррекциялық)	Балалар сіздерге мерекелік көңіл күй ұнадыма?	Ия

Күтілетін нәтиже:

